

Жарасбай Сулейменов

Сөзлөмәнің шығаралық

ЖАРАСБАЙ СҮЛЕЙМЕНОВ

СӨНБЕЙТІН ШЫРАҚ

**Алматы
«Асыл кітап»
2008**

ББК 83.3 (5 Каз)
С 90

561590

Сүлейменов Ж.

С 90 Сөнбейтін шырақ. — Алматы:
«Асыл кітап» баспасы, 2008. — 104
бет.

ISBN 9965-566-26-7

Қазақ халқының аты аңызға айналған ұлы перзенті, нәзік сезімнің, тәтті киялдың ақыны Мағжан Жұмабаев — поэзия әлеміндегі жарық жұлдызы, қайталанбас құбылыс. Оның өзіндік үні, ізденістері мен жанашылдығы қазақ әдебиетін XX ғасырдың басында-ақ Европа, орыс әдебиетінін биік деңгейіне көтерді. Бұл оның ішкі шығармашылық құдіретінің барынша зор, қуатты, бойға жігер, жүрекке от беретін рухты болғанын дәлелдейді. Оның құпиясы әлі толық ашылған жок. Демек, Мағжанды, оның артына қалдырған мұраларын зерттеу жалғаса бермек. Назарларының ұсынылып отырған эссе осын-дай үмтүлыштан туған шығарма.

ISBN 9965-566-26-7

ББК 83.3 (5 Каз)

© Ж. Сүлейменов, 2008.
© «Асыл кітап» баспасы,
2008.

Северо-Казахстанская
областная библиотека
им. С. МУКАНОВА
г. Петропавловск

*Осы еңбегімді сүйікті
немерелерім Мәдина,
Батырхан, Даниал,
Әлнұр және Аружанга
арнаімын.*

Солтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағатындағы алаштың ардақтысы, ақыық ақын Мағжан Жұмабаевқа қатысты құжаттардың арасында оның өз қолымен толтырған өмірбаян параптері да бар. Біріншісін Мағжан 1923 жылғы 12 желтоқсанда Москвадағы жоғары көркем әдебиет институтына қабылданғанда тапсырады. Туған жері, тұрағы, қайда, қандай білім алғаны, отбасы туралы қысқа да нұсқа деректер: жоғары оқу орнына түскенге дейін Омбыдағы мұғалімдер даярлайтын семинарияда оқыған, мектепте мұғалім, газетте редактор болған, үйленген.

Ал екінші парақша бертінгө дейін Петропавл педагогика техникумының мұрағатында сакталып келді, тапсырылған уақыты 1927 жылғы 1 қыркүйек деп көрсетілген. Мұнда Мағжан 1925 жылы әдебиет институтын тәмамдағанын, он жыл еңбек өтілі бар екенін, қазақ тілінен сабак беретінін жазады.

Мағжан бұл кезде:

*Күннен туған баламын,
Жарқыраймын, жанамын.
Күнге ғана бағынам.*

Немесе:

Күншығыстан тан келеді – мен келем,
Көк күніренед: мен де көктей күніренем.
Жердің жүзін қаранғылық қаптаған,
Жер жүзіне нұр беремін, Күн берем! –

деп өзінің туған ұлтының аспандағы Айы, көгіндегі Күні, әмсө ақыл-ойының, парасатының өлшемі, асқар биігі, мақтанышы, тағзым етер тұлғасы болуға ұмтылысын танытып үлгерген дауылпаздың нақ өзі еді. Мағжанның дарыны ерте ашылды. Бозбала шағында балғын үнімен, сырлы да сұлу жырымен баршаны баураған ақын орда бұзар отызында қиянға сермеген қанаты талмайтын қыран екенін шын танытты. Алда оны не күтіп тұр еді? Оған терең бойлап, аландамағаны анық. Ол тек елім, халқым деп сокқан жүргегінің дүрсіліне құлақ түрді. Содан да өз бойына ұлтының ашысы мен тұщысын қуанышы мен қайғысын, қызығы мен азабын қат-қабат қондырып, тағдырлы, тауқыметі мол, тайғағы көп жолды тандады. Бұл екінің бірі, егіздің сынары иеле-не бермейтін тағдыр еді. Өйткені, сортаңы шығып жатқан, соқтықпалы, сокпақты, бұра-лан-қалтарысы мол мұндан тар да тайғақ жолмен кез келген пенде жүре алмайды. Оның зіл-батпан салмағына шыдағандар ғана нағыз тәнірдің өзі жаратқан ақын болады. Мағжан Жұмабаевты бүгінгі ұрпағымен, тәуелсіз елімен осындай жол жалғап жатыр.

Оның әлемі тұнық та тылсым, тұнғиық. Қанатын еркін сермей алмай қапыда кетті, жақұт жырлары қаратунек қойнауында қалды, артық-кемі жок, жарты ғасыр бойы тұншығып жатты десек те, солакай, содыр саясат оның өзін де, сөзін де жоя алған жок.

«Бұйырса, шырак сөнбес, ұзак жанар» деген ақынның өз сөзі ақиҳатқа айналып, Мағжан халқымен қайта қауышты, мәңгілікке оралды. Міне, содан бері де жиырма жыл өтті.

Осы уақыт ішінде біз Мағжан туралы біраз жайларға қанықтық. Мағжанды жарыса жазу үрдісі жиырмасыншы ғасырдың 90-жылдарына дөп келді. Қазір біршама саябырлаған секілді. Бұдан, әрине, ұлттың ұлы ақынныңа деген сүйіспеншілігі ортайып қалды деген ұғым тумасқа тиіс. Мағжанның өзі де, жыры да мәңгілік, елімен, халқымен бірге жасай береді. «Мағжан мәдениеті зор ақын. Сыртқы кестенің келісімі мен күйшілдігіне қарағанда, бұл бір заманның тегінен асқандай, сезімі жетілмеген қазак қауымынан ерте-рек шыққандай, бірақ түбінде әдебиет таратушылары газетпен қосақталып, күндегі өмірінің тереңін терген ақын болмайды, заманынан басы озып, ілгерілеп кеткен ақын боллады. Әдебиет әдебиет үшін деген таңба айқын болмай, нәрлі әдебиет болуға жол жоқ. Сондықтан бүгінгі күннің бар жазушысының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз – Мағжанның сөзі. Одан басқамыздың бәріміздікі күмәнді, өте сенімсіз деп білемін». (М. Әуезов. «Өз жайымнан мағлұмат», 1929 ж., ғинуар, Ленинград, ӘӘММ, П. №382, 9-б.) Мағжан туралы әңгіме қозғалғанда ойымызға бірден халқымыздың аяулы ұлдарының бірі, кеменгер қаламгер Мұхтар Әуезовтің осы сөздері оралатыны анық. Бұл сөздердің құндылығы сонда – Мағжанды сүйеттін, европалығын, жарқырағын, әшекейін сүйеттін Мұхтар Әуезов өз

ойын Мағжанның көзі тірісінде, Мағжан қуғын-сұргінге ұшырап жүрген кезде білдірген. Бұл – Мағжанның шығармашылығына берілген баға, өсер елдің баласының сөзі ғана емес, азапты жолда жүрген ақынға ашиқтан-ашық ара түсу, өз басын оққа байлағанмен бірдей нағыз ерлік еді!

Мұхтар Әуезовтің Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығы жайлы осылай ой түюі кездейсоқ емес. Олар ел тарихындағы ең бір жойқын да құрделі кезенде тарихи-әлеуметтік құбылысқа сыншыл қөзбен қарап, өзінше баға берген, ұлт бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы құресте білек біріктірген тағдырлас жандар. Мұхтар Әуезов Мағжан қаламынан шықкан туындыларға әркез зер салып жүреді, «Алқа» бағдарламасымен де алғашқылардың бірі болып танысады. «Бағдарламаның қеңестік идеологияға карай икемделіп жазылғанын Мұхтар анғармады емес. Мұны солшыл бағытта жазылған деп түйіндеуінен байқаймыз. Негізінен ол бағдарламаны макұлдан, нақты әрекетке көшу керектігін айтЫП, Мағжанға жауап хат жолдайды». (Ш. Елеуkenов «Мағжан мен Мұхтар», «Жұлдыз», 1997 ж. №10, 112 б.). Мағжанның бұл еңбегінің М.Әуезовтің қолына тиуі де қызық. Мағжан қолдан көшірілген санаулы ғана «Алқа» бағдарламасының бір данасын Мұхтарға береді. Бұл да оның Мұхтарды бағалағандығының, оған деген ықыласы мен сенімінің ерекше болғандығының көрінісі деп түсінуіміз керек.

Осы екі ұлы қаламгердің шығармашылығындағы тағы бір тоғысуға назар аударайық-

шы. Мағжан «Ертегі», «Оқжетпестің қиясында» дастандарында Кенесары ханның тұлғасын сомдаса, ақылдылығын, алғырлығын, кеменгерлігін жырласа, Мұхтар «Хан Кене» атты пьеса жазып, оның болмыс-бітімін, ел тарихындағы ролін аша түсті. Олардың пайымдауынша, хан Кененің тағдыры XX ғасырдың басындағы қазақ халқының қасіретімен тығыз сабактас, үндес. Осылай қос арыс қазакты қалың өрттен қайтсем құтқарам деген тілек үшін жаңын құрбан етуге даяр Кенесарыны биікке көтеріп қана қоймайды, империялық санаға, бодандық санаға қарсы құресте бірлесіп шеп құрады.

Мағжанның ақындығын, шеберлігін сыйнауға екінің бірінің жүрегі дауаламаған, білімі, күші жете бермеген. Бұған қасы мен досы қатар жүрген кезде де ешкім уәж айта алмаған. Қазактың белгілі ағартушысы Жұсіпбек Аймауытов 1923 жылы Ташкентте оқып жүрген қазақ студенттерінің алдында жасаған баяндамасында Мағжан сыршылдығымен, суретшілдігімен, сөзге еркіндігімен, тапқырлығымен, маржандай тізілген, торғындағы үлбіреген нәзік үнді күйімен, шерлі, мұнды зарымен күшті екенін айта келіп, «Мағжан – алдымен сыршыл ақын. Мағжан сөзіндей тілге жұмсақ, жүрекке тиетін үлбіреген нәзік өуез қазақтың бұрынғы ақындарында болған емес. Ол жүректің қобызын шерте біледі, оның жүрегінен жас пен қаны аралас шықкан тәтті сөздері өзгенің жүрегіне тәтті у себеді. Мағжан не жазса да сырлы, көркем, сәнді жазады. Оқушының жүрегіне өсер бере алмайтын құрғақ өлеңді,

жабайы жырды Мағжаннан таба алмайсыз. Ол табиғатты суреттей ме, әйелді жаза ма, тарихи адамдарды ала ма, ертегі айта ма, ұран сала ма – бәрінде де ақынның ойлағаны, сезгені, жүргегінің қайғыруы, жанының күйзелуі, көңілінің кірбені көрініп тұрады. Қай өлеңін оқысан да, не ақынмен, не өз жүргінмен, не ел жүргімен сырласқандай боласың» – дейді, Мағжанды Пушкинге теңеиді. Осы арада орыс халқының үлкен ақыны, ғалым В.Я. Брюсовқа телініп жүрген «Мағжан – қазақтың Пушкині» деген сөздердің нағызы авторы кім екенін айыруға болатын сияқты.

Мағжанды заман өлшеуішімен ғана бағалаған тұстастары да болды. Бірақ, олардың сөзі желге үшты, өшті. Мағжан өз тұғырына мықтап орнықты. Мағжанның сұлу жырлары, кестелі сөзі келер үрпақтың да жан дүниесін баурап, жаңарында от, жүргінде шоқ болып жана береді.

Жоғарыда айтқанымыздай, Мағжанмен қайта қауышқалы ол туралы біраз енбектер жарық көрді. Мақтауын жеткізіп-ақ жатырмыз. «Мағжан – пайғамбар!» Осылай кейде бұл фәніге көптің бірі болып келген, көптің бірі болып өмір сүрген перзенттің адами қасиеттерінің жанынан ағып өтіп кетіп жатқан сияқтымыз. Көптің бірі болып өмір сүрген деген сөздеріммен кейбіреулер келіспеуі де мүмкін. Мағжан – сөз жоқ, дара тұлға, дана тұлға. Бірақ, ол ойы қанша озық болғанмен, өзінің туған жерімен, халқымен бірге болды, ұлтының мұнын мұндалап, жоғын жоқтады, ол қуанса қуанды, ол күйінсе күйінді. Міне, сондықтан да Мағжанның ада-

ми бейнесіне де көбірек көніл бөлу жөн болса керек. Сайып келгенде, мұндай қадам Мағжанды бүгінгі үрпақпен, болашақпен байланыстырып көп дәнекердің біріне айналары сөзсіз.

Мағжан туралы жазылған енбектерді кезең-кезенге бөліп қарастырап болсақ, бірінші кезең – Мағжанның көзі тірісінде жазылған дүниelerді, екінші кезең Мағжан толық акталағанға дейінгі уақытты қамтиды. Ал, үшінші кезенге соңғы жиырма жылды жатқызу жөн сияқты. Бірінші кезенде анық сөзін айтып кеткендердің қатарында Жұсіпбек Аймауытовты, Мұхтар Әуезовты, Ахмет Байтұрсыновты, Сұлтанбек Кожановты атауға болады. Бұлардың мағжантануға қосқан үлесі өлшеусіз. Ал, екінші кезенде көзге түсер шоктықты дүние – есімі елімізге белгілі ғалым, филология ғылымының докторы, профессор Бейсембай Кенжебаевтың естелігі. Оның естелігі үзак та емес. «Бұл қарапайым естеліктің айырықша қадірлі болатын тағы бір себебі – оны авторы қайта құрудың шарапатынан әлдекашан бұрын (70-ші жылы) жазған. Ешқандай есепсіз адал жанымен жазған». (Құлбек Ергөбеков). Айтса айтқандай, естелік иесі – ерекше құрметке лайық, батылдығымен аты шықкан ғалым. Оның өзі де үлтшылдық қамытын киіп, қуғын-сүргінді көп көрген.

Енді осы қоспасыз таза естелікке үнілер болсақ Мағжанның бейнесі жарқырап алдымыздан шығады. «Мағжан сұлу еді: орта бойлы, толық денелі, бүйра қара шашты, аққұба бидай өнді еді. Бет пішіні Абайдың белгілі суретіндегі бет пішініне ұқсайтын. Жүрістұрысы жарасты, сөл манғаз еді. Осының

бәрінің үстіне ол қыз мінезді еді,» – деп жазады Б. Кенжебаев.

Осы жолдарды оқығанда менің ойыма Мағжан Жұмабаев ауданындағы Құралай ауылында болған бір кездесу оралды. Ол кезде мен Қазак радиосының Солтүстік Қазақстан облысы бойынша меншікті тілшісі едім. Бір күні Алматыдан Қазақстан теледидары мен радиосы республикалық компаниясының басқарма бастығы Мұхаммед Мезгілбаев телефон шалып, өзінің бір жұмыстарымен біздің жаққа келе жатқанын айтып, сапарлас болуымды сұрады. Содан Мұханды таңертең ерте өуежайдан қарсы алып, үйден бір шай ішкеннен кейін, жолға шықтық. Бұрын бұл жаққа жі шыға бермеуші едім, Құралай облыс орталығынан 150 шақырымдай жерде еken, тез жеттік. Шай үстінде біз түскен үде басқа да қонақтар аз емес екенін аңғардым. Солардың ішінде ерекше назарымды аударған бір жан болды. Орта жастағы, шашын артына қайырған бидай өнді, кескінді кісі әңгімеге көп араласпай отырды. Жұрттың бәрі «Сүке, Сүке» деп отырғандарына қарағанда осы ортада сыйлы жан сияқты.

Біраздан кейін сыртқа шықтық. Жаз айы, ауылдың маңайы жап-жасыл, құлпырып тұр. Мұхан ауылды сағынып қалса керек, «жұр, қыдырып келейік» деп іргедегі көлге қарай бастады. Бұрын қызмет бабымен кездескенім болмаса, ол кісімен араласым жоқ еді, өте әңгімешіл кісі еken, біраз жайға қанықтым. Сөз реті келгенде Сүкең жайлы сұрадым. «Ә, Сұлтанғазыны айтасың ба, ол осы өнірдің туmasы ғой, оның әкесі Біләл деген кісі Мағжан

Жұмабаевтың атасы Жұмабайдың Құрманөлі деген інісінен туған, 1937 жылғы қуын-сүргін күрбаны болған. Сұлтанғазы сол кісіден қалған жалғыз тұяқ, қазір Бескөл ауданындағы «Андреев» кеншарында бас есепші», – деді Мұхан.

Сол жолы біз Құралайда екі күн жаттық. Сүкенмен де танысып алдым. Өте бір кішіпейіл адам екен, артық сөзі жоқ. «Мағжан туралы не білесіз?» деп сұрап едім, «Улкендерден естіген біраз әңгіме бар, кейін бір кездескенде асықпай отырып айтып берермін», – деді. Бірақ тағдыр бізге екінші кайыра кездесуге жазбапты, ол кісі көп кешікпей жол апатынан қайтыс болды.

«Мағжан ғалым, тәжірибелі, шебер оқытушы, асқан методист-педагог еді». (Бейсембай Кенжебаев). Осы айтылғандар Мағжанның шын бейнесін ашатын сөздер. Өйткені, Бейсембай Кенжебаев Мағжан Жұмабаевты жаксы білген, 1922 жылы Москвада Күншығыс еңбекшілерінің коммунистік университетінде оқып жүргендеге оның алдынан дәріс алған. Бұл кезде Мағжан Жұмабаевтың өзі де студент болатын, ол Москвадағы жоғары көркем әдебиет институтында оқытын. Бейсембай Кенжебаев «Мейлі, лекциялық сабакта болсын, мейлі, практикалық сабакта болсын, ол қағазға, кітапқа қарамайтын. Сөз арасында келтіретін мысал өлеңдер мен әңгімелерді түгел жатқа айтатын. Декламация оқып тұрған тәрізді барлық нәшін, сипатын, қымылын келтіріп айтатын» деп Мағжанның білімінің терендігіне, алғырлығына тәнті болады.

Осы естелік Мағжанның Абайды пір

тұтқанын, оған қатты еліктегенін тағы да дәлелдей түседі. Мағжан шәкіртеріне Абай өлеңдерін оқып-үйретеді, олармен бірге Абайдың жана жыр жинағын талдайды. Бір кездескенде өзінің шәкіртіне аудармаға қатысты ойларын бүкпесіз білдіріп: «Басқа тілден шығарма аудару – ол шығарманы өзінікі етіп алу деген сөз, өзінікі болған сон, ол өгей бала емес, туған бала болуға тиіс. Яғни өгей бала екені мұлде білінбеске керек. Ол үшін шығарманың түркы, тұлғасы аударылмай, мағынасы, рухы аударылуы қажет», – дейді. Ол осылай Абайды жүргімен үғынған. Олардың жырларындағы ұндастік те осыны дәлелдейді. Қазак үшін Абай қалай қайғырса, Мағжан да солай қапаланады. Өзінің ұлттық таным-тағылымы жеткен биікке ол өз халқының да орнығын тілейді, ботадай боздайды, аңсайды, армандайды, әйтеуір өзінің ұлтын сол асқаралы занғардан көргісі келеді.

Абайдың бүкіл өлең-жырлары, соларға қоса қарасөздері ұлтты өзгелермен терезесі тен, тіпті олардан биік өрге шығаруды қексеуден туса, осындай ойлар Мағжанның да жүргінде от береді, оны лаулатады, күш-қайрат пен ерік-жігердің қызыумен қайнатады.

Мағжан дүниеге келген уақыт осындағы ұлт қамындағы ұлы серпілістің кезеңі еді. Егер Абай дәүірінде ұлттық сипатымызға ене бастаған өзгерістердің ұшқыны ғана жылтыраса, Мағжан заманында олар өмірдің занына, айнымас болмысына айналған. Дүмпулерге, дүбірлі жаңаруларға толы жанартаялары атқылаған жиырмасыншы ғасыр дүние жүзінде өзгелермен бірге қазақ даласына да

жаңғырықтарын ала келді. Уақыттың өзгеріп, заманың жана дидары сөзсіз ашылып тұрған сол кезде халық ел иесі хандардан айрылып, ел басқаарлық ұлы тұлғаларға ұлт зәру болған шакта болашакта адаспайтын, елді канаттыға кактырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай келешекке жеткізер азаматтарын өмір сахнасына сайлап шығара алмаған тұста бір шоғыр тұлғалар ту ұстаяу керек-ті.

Кейбіреулер Мағжанды тым тәкаппар болған дейді. Ал шынында ол көпшіл, кішіпейіл, бауырмал болғанға ұқсайды. Москвада жүргенде қазақ студенттерімен жиі араласуы осының айғағы. «Мінезі баладай, тілі балдай еді. Адамға қайырымды, кешірімді, қалтқысyz жан еді... Білімді, алғыр, ойшыл, орысшаға, шығыс тілдеріне ерекше жетік-ті». Сәбит Мұқановтың осы сөздерінде де көп сыр жатқан жоқ па?

Өмір жолы Мағжанды әр кезде заманы бір, өзі тұстас қазақтың зиялышарымен кездестіріп отырған. Сәбенің айтуынша, алайда, олардың идеялық жолдары бөлек болған. Кеңестік дәуірді, оның табыстарын жырламаған, ескіні, байшылдықты, ұлтты көксеген Мағжанның жырлары коммунистік жолды таңдағандарға жат болған. Соның бір көрінісі – Мағжанның 1923 жылы Ташкентте басылып шықкан өлеңдер жинағын москва-лық қазактардың талқылауы. 1924 жылдың 24 қарашасында әдебиет үйірмесі үйімдастырған бұл жиынға КСРО халықтары орталық баспасының директоры Нәзір Төрекұлов, Орталық комсомол комитетінің бюро мүшесі, жастардың коммунистік интернационалы ат-

қару комитетінің бөлім бастығы Ғани Мұратбаев та қатысады. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша жас ақын, сол кезде Құншығыс еңбекшілерінің коммунистік университетінде оқып жүрген Өтебай Тұрманжанов баяндама жасайды. Баяндаманы талқылауға қатысушылардың пікірі екі бөлініп, жиналыс «Мағжан буржуазияшыл-ұлтшыл, бізге мұлде жат ақын» дегенге саятын қаулы қабылдайды. Кейін осы қаулы Қазақстанның орталық газеті «Еңбекші қазакта» жарияланады. Мұның Мағжанға қатты соққы болып тигені, ақынды үлкен күйзеліске ұшыратқаны сөзсіз. Оның «Тоқсанның тобы» деген толғауында:

Жырларым елді жалпылап,
Жасырман жұзді жақтадым,
Тоқсанға енді тоқтадым,
Толғанып, ойлап, талқылап...
Тоқсаннан сонау он аулак,
Мен тоқсанмен біргемін, –

деуі содан.

Мағжанған қарсы шабуылдың үдеуіне сол кезде Москвада оқып жатқан жастар ғана тұрткі болды десек қателесер едік. Оған Сәбенің, кәдімгі Сәбит Мұқановтың да бел шешіп, білек сыбанып кірісіп кеткені белгілі. Идеялық қарсыластарына ымырасыз Сәбен Мағжанды да аяған жоқ, өзгелермен бірге сынның дойыр қамшысын оған да сілтеді. Мағжан кім қанша даттаса да былғанбайтын асыл емес пе, соны кейін Сәбен де түсінген болуы керек, ақын туралы пікірі өзгеріп, артына Мағжан Жұмабаевтың өмір жолы, шығармашылығы жайлы зерттеу енбегін қалдырып кетті. Атақты жазушының «ХХ ғасыр-

дағы қазак әдебиеті» деп аталағын кітабына енген осы еңбекте Мағжан туралы мынадай жолдар бар: «... Ақындық жағынан келгенде, Мағжан, әрине, қазактың күшті ақындарынан саналады. Қазактың тілін байыту ретінде, әдебиетте жаңа түрлер енгізу ретінде Мағжанның еңбегі көп. Абайдан кейін тіл өнегесінде Мағжаннан асқан ақын қазакта жоқ». Бұл – Мағжан өмірден озбай тұрып, 1932 жылы айтылған сөз. Нәк осы кезде қуғын-сүргінге ұшырап, қиналып жүрген Мағжан да Сәбененнен сырт айналуды жөн деп таппайды, хат жазып одан ақыл-кеңес, көмек сұрайды.

«Күрметті жолдасым Сәбит.

Сіз мениң Петрапавловскідегі орыс мектебінде орыс тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ беріп жүргенімнен хабардар боларсыз. Январьдың басында мені қызметтімнен босату туралы мәселе қозғалғанымен де, біраз уақытқа басылып қалған еді, бірақ январьдың соңында бұл жай тағы да әңгіме болды да, мені жұмыстан шыгарып жіберді. Не себепті босатылғанымды сұрасам, қалалық оқу ісінің меңгерушісі жалпы саяси себептерге байланысты дегенді айтты. Міне, 20 шақты күн болды, жұмыссызың отырмын.

Декабрьде әдебиеттердің қазақ баспасымен Толстойдың «I Петр», Некрасовтың «Декабристерін» аударуга келісім шартқа отырған едім. Содан бері одан да хабар жоқ. Ол жақтан мен өте қызын халде отырмын. Әсіресе, жұмыссыздығым жаңыма қатты батады.

Мен Қазақстанга жаңа жолға түскенімді өз қалам күшіммен көрсетsem деген тілекпен орал-

дым. Қалай болғанда да орталыққа жетуім керек деп шештім. Егер жолға қаражат тапсам, орталыққа баруды ойлан отырмын. Әрине, өз халімнің мүшкілдігін айта отырып сізді де бірдемеге міндептегім келмейді. Сізге осылай жазуга қазіргі халім мәжбүр етіп отыр. Кешіріңіз.

Бұл хатты қыдырып келген туыстарым жақтан «Степняктан» жазып отырмын. Төрт-бес күннен соң қайтамын.

*Құрметтеп Магжан,
20 февраль, 1937 жыл».*

Бұл хат Сәбенің жеке мұрағатында өлі сақтаулы. Сәбен жауапты кешіктірмейді. Сөйтіп, 1937 жылдың 25-наурызында Мағжан Алматыға көшіп келгенде оны вокзал басында Сәбенің өзі қарсы алады. Мұның кейін Сәбене қатты сокқы болып тигені белгілі. Ол сап-сау істеп жүрген жұмысынан босатылып, партиядан қыладады. Сол кезде республикалық газеттер «Мұқановтың мәселесін қараған партия жиналышы оның саяси ахуалын айқындалап берді. Мұқанов – біздің жауларымыздың досы. Сейфуллин, Жансүгіров секілді жексүрын, фашист-шпиондардың дем берушісі» деп жазса, Жазушылар одағы партия үйімінің хатшысы Қалмақан Әбдіқадыров «Қазақ әдебиеті» газетінің 1937 жылғы 18 тамыздағы санында «Сәбит өз шығармаларында («Адасқандарда») байды мактап... соңғы кезге шейін халық жауларына (Айсарин, Жұмабаев, Асылбековтерге) көріне ымырашылдық жасады. Өзінің шығармаларын халық жаулары Досмұхамбетов, Молдыбаевтарға аударуға берді. Жұмабаевтың қызметке орналастыруға ниеттенгені, тағы

басқалары Сәбиттің жай ғана қатесі емес, үлкен саяси қатесі!» деп отқа майды құя тұсті.

С. Мұқановқа шабуылдың қүшесі Алматыға жана ғана көшіп келген, әдеби ортаға әлі қосылып үлгермеген Мағжанды аяқтан шалу еді. Оны Мағжан да сезген болуы керек, бірде кездесіп қалғанда: «Сәбит қарағым, менің сіздерге қырығым тиді-ау! Кінәм болса кешірініз. Заман өзі не болып барады. Енді қайтып көреміз бе, көрмейміз бе» деп қынжылыс білдіреді.

Осы арада Мағжан Жұмабаевтың Сәкен Сейфуллинмен қарым-қатынасы туралы да әнгімелей кету артық емес сияқты. Мағжан 1937 жылы Алматыға табан тірегендे Сәбен қарсы алғанмен «Менің жолым – теріс. Сәкендікі – дұрыс болды. Алдымен соған сәлем берейін» деген тілегін білдіреді. Сәбен өзінің естелігінде жазғандай, ретін тауып Сәкенге хабар береді. Сәкен қарсы болмайды, жақсы қарсы алады, екеуі көздеріне жас алып құшактасады. Осы арада Мағжан Сәкеннен кешірім сұрайды. Сәкен: «Саған бәрі де кешірілді, бізден енді кешірім сұрама» дейді. Сол күні Мағжан Сәкен үйінде конып калады.

Сырт көзге катардағы оқиға сияқты болып көрінгенмен, екі алыптың түсінісуі – бұл тарихи сәт еді. Өйткені, оған дейін олардың арасы жақсы емес-ті. Мағжан мен Сәкен тұңғыш рет Омбыда кездескен, сонда бірге оқыған. Кейін араларынан «қара мысық» жүгіріп кетіп, кикілжімен біраз жерге барып қалған. Екеуі де ақын болғаннан кейін бірін-бірі сөзбен түйрейді ғой баяғы. Соза берсек,

бұл өзі таусылмайтын өңгіме. Белгілі ғалым Тұрсынбек Кәкішев ағамыз бұл жөнінде «Өнер бәсекесі, немесе Мағжан мен Сәкен» деген көлемді тарихи-әдеби эссе жазған.

Ақын Мұзафар Әлімбаевтың «Солтүстік Қазақстан» газетінде (1991 ж. 21 мамыр) жарияланған «Мағжанды махабbatпен оқығанда» деп аталатын эссе сіндегі де Мағжан мен Сәкеннің ара-қатынасын ашатын түстар аз емес. Ақын ағамыз өмірдің өз ағымында, әдебиеттің дамуында әрқылы мектептердің, өр алуан таланттардың бәсекесі, жарысы, айтысы мен тартысы қызу жүріп келгенін, жүре де беретінін айта келіп, «Мағжанның идеялық және эстетикалық позициясына қарсы жаңкешті құреспесе, Сәкеннің азамат өрі ақын-суреткер ретінде қауырт өсіп, биікке самғауы, ол ол ма, қазақ әдебиетіндегі жалаугер жетекшілігі қамтамасыз етілер ме еді. М. Жұмабаевтың «Батыр Баянымен» қызын жарысқа Сәкен өзін өткір қайрап салмаса «Көкшетау» дастаны өзінің ғажайып көркемдік дәрежесіне көтеріле алар ма еді?» деп сауал тастанды. Сөз жоқ, осы бәсеке жай да жүйрік қаламды одан сайын желқанаттандыра түскені анық. Олай болса, Мағжан мен Сәкен өмір көшінде әрдайым бірге жүрді. Олардың өмірлерінің соңғы сәтінде кездесіп түсінісулері, табысулары кездейсоқтық емес. Бұл халқымызға бұйырған тағдырыдың сыйы.

Мағжан Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылығына қатысты жайларды елең-екшей жүре мені «Мағжан туралы оның жерлесі, замандасы Ғабит Мұсірепов неге бір ауыз сөз қалдырмаған?» деген ой мазалай беруші еді.

Онын жауабын жазушы Жайық Бектұровтың «Бес арыс» («Жалын» баспасы, 1992 ж.) деп аталағын жинаққа енген естелігінен тапқандай болдым.

Ғабен бір кездескенде Жайық Бектұровқа Мағжанмен алғаш рет 1928 жылы Бурабайда кездескенін, Ақмола губерниялық партия комитетінің хатшысы Садықбек Сапарбековтің өзін шақырып алып, «Мағжанның орнына орман шаруашылығы техникумында оқытушы бол» дегенін айтып береді. «Бурабайға келдім. Мағжанды осында бірінші рет көрдім. Ол өзінің пәтерін маған беріп, Қызылжарға кетті. Соңда барып совпарт школда сабак берді» дейді.

Кейін Мағжан мен Ғабен 1936 жылы Алматыда тағы кездеседі. «Мен Қазақстан Орталық партия комитетінің мәдени-ағарту бөлімінің меңгерушісі едім. Мағжанды жұмысқа орналастырдық. Ол жұмысына құлшына кірісті. Дінге қарсы орысша бір трактат іспеттес енбек жазып әкелді. Жұмысының өзі де дінге қарсы үгіт-насихат жүргізу еді». (Ғабит Мұсірепов). Жайық Бектұровпен әңгімесінде Ғабен: «Менің ойымша, Мағжан шығармаларын басуға бұл құнде совет өкіметінің еш бөгеттігі жоқ, бұлай деу бос сөз. Оның шығармаларын жарыққа шығаруға біздің өзіміздің көптен бергі бір беткей қалыптасып кеткен теріс дағдымыз, теріс көзқарасымыз, Мағжанды ұлтшыл деп жамандап қалған ескі әдетіміз бөгет. Біз біреуді жамандасақ, тасқа басқан таңбадай, өмір баки өшпейтін қара бояудай көреміз. Кейде тіпті Қайсыбір ақындарымыздың іштей қызған-

шактығы да бөгет болып жүр. Әйтпесе ағын ақ, қарасын қара деп бар-жоқтың жігін ашып алуымызға әбден болады. Мағжанның әйел тендігі, махаббат, табиғат жайлы, ағартушылық бағыттағы ертеректе жазған өлеңдерін, мақалаларын, әңгімелерін бүгінгі әдебиетіміздің корына косуға әбден болады. Шынын, әділін айтсақ біздің бірқатар ақындарымыз, әдебиет тарихын зерттеушілеріміз өздерінің өлеңдерінде, мақалаларында Мағжанның көп-көп нелер терең ойларын, тіпті жеке сөздерін былай қойғанда оның толып жатқан өлең жолдарын, шумактарын ұрлап-жырлап пайдаланып жүр. Мағжан – сұлулықты, өсемдікті сүйген ақын. Оның ән-өлеңдерін де бірқатар композиторлар сәл өзгертіп, пайдаланып кетіп жүр. Мәселен, ана радиода күнде айтылатын «Бәрінен де сен сұлу» дейтін ән-өлең Мағжанның шығармасы ғой» деп Мағжан шығармаларын жарыққа шығаруға қатысты ойларын да ашық білдіріпті. Алайда, Ғабен Мағжанға ара түскен жок, Мағжан туралы естелік те қалдырмады. Оның себебін қазір дөп басып айту қын. Атақты «Бесеудің хатына» қол қойған, «Бейімбет жау болса, мені де жау деп санаңыздар» деген Ғабеннің Мағжан туралы қалам тартпағанын түсіну де, түсіндіру де қын.

Соңғы жыларда жылдың ішінде Мағжан жайлы біраз дүние жарық көргенін жоғарыда айттық. Солардың ішінде белгілі жазушы Жайық Бектұровтың еңбегінің орны бөлек десем ақықаттан тым алыс кете қоймаспын. Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, Ә.Бекейханов, А.Байтұрсынов, Ә.Марғұлан сынды қазактың

асыл ұлдарының әдеби портреттерін оқырманға тарту еткен Ж. Бектұров Мағжанның халқына қайта оралуына да көп енбек сінірді. Ол Қазақстан Жазушылар одағының Қарағанды облысаралық бөлімшесін басқарған жылдары Солтүстік Қазақстан облысына сан мәрте келіп, Мағжанның жары Зылихамен кездесіп, колынан келген көмегін аямаған. «Мағжанды іздестірдініз бе? Жоғарғы жакқа арыз жаздыңыз ба? деп сөз бастап кеттім. «Жаздық қой. Жазбаған жеріміз жоқ. Ештеме шықпады», – деді Зылиқа. Мен ол кісіге: «Сіз Н.С. Хрущевке жазыныз. Күйеуім акын еді, жұрт ұлтшыл десті. Бірақ ол ешқандай басшы жұмыста болған жоқ еді. Кеңес үкіметіне қарсы ешбір теріс өрекет істеген адам емес. 1930 жылы ұлтшылың деп бір соттады. Одан лагерьде жазасын өтеп келіп, болмашы қызмет істеп жүргенде қайта қамалды, жоқ болып кетті» деп жазыңыз» дедім». (Ж.Бектұров)

Жазушы осыдан кейін өзі де қарап отырмайды, Башқұртстанның халық жазушысы Сайфи Құдашқа хат жазып, Мағжан Жұмабаевты актауға көмектесуін сұрайды. Мағжан Жұмабаевпен Уфадағы «Фалия» медресесінде бірге оқыған С. Құдаш 1969 жылы Қазақстан компартиясы орталық комитетінің бірінші хатшысы Д. Қонаевқа хат жолдайды. «Қазак ақыны Мағжан Жұмабаевтың тағдыры тура-лы» деп аталатын бүл хатында башқұрт әдебиетінің ақсақалы Қазақстанның көптеген қалаларынан, оның ішінде Қарағандыдан да, Мағжанға ара түсуін сұраған өтініштер келгенін жазады.

Ж. Бектұров 1987 жылдың бас кезінде

Мағжан туралы 1961 жылы жазған көлемді мақаласын Қазақстан Жазушылар одағының сол кездегі бірінші хатшысы О. Сүлейменов-ке тапсырады. Жайық ағамыздың Мағжанға, Мағжанның артында қалған жесірі Зылиқаға жасаған басқа да жақсылықтары аз емес. Мағжан ақталғаннан кейін Зылиқаны шетқақпай қыла бастаған ақынның туыстарының орынсыз әрекеттерін айыптағаны тағы бар. Ол: «Өмірде әділетсіздік көп қой. Бәрі де қарандылықтың, іші тарлықтың белгісі. Бұрын естерінен шығып кеткен Зылиқа, енді Мағжан жүрттың аузына қайта іліге бастағаннан кейін, бұл байғұстардың да тіліне, көніліне орала бастапты. Бұлардың да әкелері, туыстары сотталып, есенгіреп қалған адамдар. Жалған қызғаншактық сезім де бар. Жақсы мұраға ие болғысы келетін ниет те бар. Баласы, үрпағы жоқ, жалғызбасты сорлы кемпірдің Мағжанның із-түссіз кеткен еңбектерін инемен құдық қазғандай жинағаннан өзге, соның көп азап-бейнетін көргеннен басқа ешкімге ешбір жазығы жоқ» деп жазды.

Белгілі жазушысы, қазақ әдебиеті ақсақалдарының бірі Ғаббас Қабышұлы да осыны дәттейді. «Мағаның өлең-дастандары, әдеби аудармалары жарияланған газет-журналдарды іздең табу, көшірме жасатып алу, Әрине, апайға қыын болған. Ақы-пұлын төлеу былай тұрыпты, кесірі жетерлік кездерде ашық іздеудің өзі қандай тәуекелді қажет етті десенші?! Күйеуіне жағылған күйені кетіру үшін жан тыныштығын ұмытқан, алғаш тұтқындалғанында ізденіп Мәскеуге, Максим Горькийге дейін барған, Мағаның ол жолы ақталуына бірден-бір

себепші бола білген, ал ері екінші рет тұтқындалғанда соңынан Сібірге барғаннан өзге шарасы қалмаған Зұлкең, кім не десе де, бүгінгі бізге де, келер үрпакқа да аса қажет қыруар іс тындырыды» (Ғаббас Қабышұлы. «Қазақ әдебиеті» 2003 ж. 30 мамыр).

Аласапыран заманда «Асқақ ақынның ағын кара деген, сауын «жара» деген, ұлтын сүйгені үшін ұлтшылсың, Түрікстан, Тұранды жырлағаны үшін түрікшілсің деген, «Бардың нарқын білетін» дегені үшін байшылсың. Өр мінез көрсеткені үшін өзімшілсің деп кінәлаған. Айдарынан жел ескен айтулы ақынға алуан-алуан атақ таққан» (Темірбек Қожакеев) жандар да табылды. Олардың максаты – Мағжанды сүріндіру, жігерін жасыту еді. Қарсыластары ақынның әр басқан қадамын аңдып отырады, тырнак астынан кір іздейді, орынды-орынсыз кінәларды үйіп-төгеді. Соның бір дәлелі – 1924 жылы F.Сұлтанұлы деген біреу «Еңбекші қазақ» газетіне «Мағжан Жұмабайұлына» деген өлеңін жариялатады. Бұл оның Мағжанның «Жолдастарға» деген өлеңіне шабуылы еді. Ол Мағжанды «қазақты тапсыз дейсің, шулап отырған кедейді» көрмейсің деп жерден алып, жерге салады, намысына тиетін сөздер айтады. Осы қику Москвада да алдынан шыққанын жоғарыда айттық. Осыдан кейін ақын мұңаймағанда, еліне, халқына зар айтпағанда қайтсін. Бірақ, ол морт сынған жок, қайта ширыға түсті. Оның:

Мен қайтармын болмақ үшін елмен ел,
Ел бел асса, аспак үшін бірге бел.
Аз ғана елдің өмірі құрғыр қалтылдақ,

Ел шер тартса, тартпак үшін
бірге шер.
Қайтуым қақ, белді будым
тас қылып,
Кет деме, елім, енді мені басқа ұрып.
Дейтін болсан, «қой жырынды,
жырауым»,
Қобызымды қиратармын тасқа ұрып, –
деген жолдары осындағы көніл-күйді сез-
діреді.

Кезінде Мағжанның «Тоқсанның тобы»
деп аталатын атакты толғауы да керемет
коғамдық пікір туғызғанын білеміз. «Мағжан
мына өлеңімен біздің жолға түсіп отыр... Мағ-
жан адасқанын мойындағы... Оның бұл сөзіне
сенейік. Мағжан жалған айтпас». Шәймерден
Тоқжігітов «Енбекші қазақ» газетінің 1927
жылғы 19 тамыздағы санында жариялаған
«Тоқсан тобы» деген мақаласында осылай дей-
келіп, Мағжан өміріндегі өзгеріске толық сене
алмайтынын да жасырмайды. «Откенді женіл-
желпі малышлай салып, жуып кетіре қоюға
болмайды. Бұған шын жүрек керек, көп еңбек
керек... «Оннан аулақпын» дегенінді акта!
«Тоқсанмен біргемін» дегенінді бұдан былай
іспен көрсет,» – дейді тағы.

Нақ осы кездері Мағжан өзін қолдайтын
бір жан табылса, сөз жок, соған қуанаң еді.
Бірақ басқаларды былай қойғанда, Мағжа-
нға бір табан жақын жүрген Мәжит Дәulet-
баев сияқтылардың да жүректері жіби қой-
майды.

«Сонда да анық сенім жок,
Солай да бүтін көніл тоқ.
Ар жағы әлі әлі көмескі».

М. Дәuletбаевтың «Еңбекші қазак» газетінің 1927 жылғы 12 қыркүйектегі санында жарық көрген «Таныды» деп аталатын өлеңі осылай аяқталады. Бұдан да біз әлі де Мағжанға деген сенімнің селкеу екенін анғарамыз. С. Мұқанов та «Тоқсанның тобын» өте бір сақтықпен қабылдайды. «Мен осы қызу айтыстың қалың ортасында жүргендердің бірі болдым. Байшыл-ұлтшылдар пікірлерін бүркеншікті түрде өткіземіз деп тырысқанмен, совет әдебиетінің бағытындағылар олардың бет-пердесін тез сипарды да, кім екендіктері халық алдында айқын көрінген ұлтшылдар саяси ажалы жақындағанын сезіп, бір жүйелері: «Сонау оннан мен аулақ, мен тоқсанмен біргемін» (М. Жұмабаев) деп бұрынғы таптық бетінен жалтаруға тырысты». («Есею жылдары», Алматы, 1964, 288-289.)

* * *

Мағжан өмірінің әлі толық зерттелмеген бұлтарыс-қалтарысы көп. Мысалы, бірде бір автордың «Мағжан Жұмабаев Қызылжардағы казак педагогика техникумында, партия-кенес мектебіне сабак бермеген. «Бостандық туы» газетіне редактор болмаған» деген сөздерін көзім шалып қалды. Бұлай үзілді-кесілді сөз сабактауға негіз жок. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы боғынша департаментінің мұрафатында М.Жұмабаевтың ойранды отызынши жылдарда екі мәрте тұтқындалуына қатысты құжаттар сактаулы. Олардың арасында Мағжаннан жауап алудың хаттамалары да бар. «Колчакшылар кезінде (1918 жылдың 1 маусымы мен 1919 жылдың 31 қазаны аралығы – Ж.С.) Петро-

павлдағы екі жылдық мұғалімдер курсының менгерушісі болдым. Бір жылдан кейін мені «Бостандық туы» газетіне редактор етіп тағайындалды» дей келіп, М. Жұмабаев 1926 жылы Петропавлға оралғаннан кейін кенес-партия мектебінде жұмыс істей бастадым, орыстарға казак тілінен, ал қазақтарға орыс тілінен сабак бердім» дейді. Осы сөздердің астында Мағжанының өзінің қолы тұр.

Мағжанның журналистік қызметіне ойысар болсақ, ол іскер үйымдастыруши, білікті басшы ғана емес, әріптестерінен ойы да, сөз саптау шеберлігі де оқ бойы озық публицист ретінде де кен танылған. М. Жұмабаев өзінің алғашқы мақалаларын «Кедей сөзінде» жариялай бастаған. Ол бұл кезде «Россияның коммунист партиясының Омбы губернелік комитеті жанындағы мұсылман секциясы һәм Омбы губревкомының қазақ газеті» деген ресми атаумен шыққан «Кедей сөзінің» алқа мүшесі еді. «Ақынның кенес өкіметі кезеңінде (1920-1927) жазған барлық жанрдағы шығармаларынан «бүгін» деген бір буды саралайтын көзқарасы байқалады» (Диқан Қамзабекұлы). Бұл патша тақтан құлап, «ак түйенің қарны жарылған», еркіндік самалы ескен кез еді.

Осындағы бір алмағайып заманда «Қуан, казак! Бостандығың енді келді!» деп ұран салған Әлихандардың үні нағыз болашаққа сенгендіктен шыққан еді. Осы Әлихан Бекейханов сынды алаш арыстары болашақты бағдарлады, елдің кейінгі жолын таңдалды, ұлттың ертеңін көкседі. Алашорда – осы арманның перзенті.

Алаш – казак. Орда – ел. Ендеше, Алашорда – Қазақ елі! Қазақ елінің жасыл туын осылар көтерді. Тудың жасыл түсін бұлар жоқ жерден, ойдан шығара салған жоқ. Жасыл ту – Алаштың, ел иесі хандардың туы, тірліктің тынысы, ұлттың ұйысқандығының айдай әлемге айғақты белгісі еді.

Алаш жоқ жерден пайда бола салған ұғым емес. Ол ежелден тамыр жайған, ұлы даланың ұландары ел боламыз деп үміт артқан ұлттық қауымдастық, ұлттық одак. Демек, оның көксеген мақсаты, орындардақ ниеті, атқармақ ісі болды. Осы айтылғандардың бәрінің түп-қазығы ұлттың тәуелсіздігі, бостандығы еді.

Алашордашылар қазақтың ел болып өркендеуінің жолы патшаның тақтан құлап, төңкерістің туы желбіреуінде деп дәмеленді. Алайда алданды. Және де өте қатты алданды, аяусыз қырғынның, жойқын жазаның, ұлттық үнді тұншықтырудың қанды қасабы енді келгенін кеш ұқты. Қазан төңкерісінің көксегені жасыл ту болмай шықты. Қазан төңкерісінің тұмасы – Кеңес одағы қызыл туды қолға ұстауға ниеттенді. Оның бүкіл идеясы осыны көкседі. Өзге тұстегі ешбір ту желбіремеуге тиіс. Ұлттық тендік деген бос сөз екені кейін белгілі болды. Лениннің ұлттардың тере-тендігі туралы саяси көзқарастарының астары енді ашылды.

Сөйтіп, алаштың жасыл туы бір ұлттың ғана табынатын пірі болып қалды. Соның өзінде ұлтты көтеру керек болды. Ұлт азаматтары сан тарау жолдарды шыырлады, небір мұраттарды ұлттың бостандығы жолында са-

раптап, саралап көрді. Бодандықтың бұрынғы бұғауы бұғау ма, енді аяқ-қол қатар шегенделді, мойынға бұрау мықтап түсті. Міне, Алаштың алқынған тұсы осы болды. Бостандықтың бақытты сәті бұл болмай шыкты. Құрестің ең сұрапыл, ең аяусыз, қатыгез, кеудеден жан шығатын, мойыннан бас түсетін шағы енді келді. Білімді бойға дарытқан, заман ағымын танып қалған зияллыары бар жұрт енді бұрынғыша құлақкесті құл қалпында айтқанға көніп, айдағанға жүре салмайтын халге жетіп қалған-ды.

Ұлттық интелигенция – зиялды қауым ұлттық мемлекеттің іргетасын қалауға үйісты. 1917 жылғы 5-13 желтоқсан аралығында Орынбор қаласында өткен Алаш съезінде Алаш автономиясы құрылды. Алашорданың өмірge келуін ұлттық идеяның, ойдың бұлқынуы, оянуы яки тарихи қажеттілік деп есептемейтіндер қатты қателеседі. Ұлттың ел болып өркендер, дамуы үшін осындағаса зор идея қажет еді. Қайталап айтайық, патша құлағанымен, оның езгісінде болған бұратана большевиктер өз еркіне, өз дамуының жолымен жіберуге тілеулес болмады. Ұлыдержавалық пиғыл большевиктердің де қанына сінул еді. Сондықтан жаңа өміршілдік жүйе өз ішінде бостандық орнатуға ұмтылған екінші бір дербес құрылымды қолдамақ түгілі, тұншықтыруға алғашқы құннен бастап мүдделі болды.

Бұл, өрине, екіжакты қарама-қайшылыққа өкеліп соктыратыны белгілі еді. Патша үкіметінің отарлау саясатын, сол арқылы бұратана халықтарды су қараңғы қамауда

ұстаған езгісін көрген, большевиктердің де үлттық идеяны қоштамайтын да қолдамайтын лиғылын сезген Алаш басшылары жаңа бір кезге – Мағжанша айтқанда «қаптыққан, қамалған» күнге де тап болды.

Патша үкіметі тұсында саяси құрестің ыстық-суығында шындалған алаш азаматтары ел болар жолдың ең он бағыты – үлттық бірлік екенін жаза баспай айырды. Әлихан Бекейханов «Автономия болу – өз алды мемлекет болу, Россия федералдық мемлекет болса, Қазақстан оның құрамына әзірге автономиялық негізде енбек» деп дұрыс бағдарлады.

Бірақ ұйыған қазақ арасына таптық індettі тарату арқылы большевиктер алаш козғалысына жік салуды көздеді. Ахмет Байтұрсыновтың қазақта таптық идеядан гөрі үлттық бостандық ардақты еді деуі тегін емес. Алайда, большевиктер партиясы қазақтың белен алып бара жатқан бірлігін ыдыратып, араға саңлау салудың, сызат түсірудің жолы таптық идеяны жандандыру деп, осы арқылы қазақ жұртын жіктеп, бөлшектеп, мұнда да азамат соғысын ұйымдастыруға ұмтылды. Осындай алмағайып кезенде нағыз алашордашылар үлттың жаңғыруы, өз алдына дербестік идеясының, тәуелсіздік мұраттарының туындауы негізінде өз тұтастығын көкседі. Осы кезенде Мағжан Жұмабаев, Ғұмар Қарашев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Міржақып Дулатов сыңды нағыз үлт ақындары үлттық айбарға айналды. Олардың казашылдық жырлары Бұқар жыраудың, Мұрат Мөнкеұлының, Дулат Бабатайұлының, Шор-

танбай Қанайұлының жырларымен қайта үндесіп кетті.

Бұлардың жырлары бірінен бірі өткен өткір еді. Мәселең, Ғұмар Қарашев:

Мезгілсіз ерте туған таңнан қорқам,
Жауынсыз, құр желдеткен шаңнан қорқам.
Тан туды, мезгіл жетті деп адасып,
Құрылған қаранғыда заңнан қорқам.
Тенгеріп жарлы-байды, құрып ұжымақ,
Теп-тегіс жұртқа жеткен тойдан қорқам, —

десе, Мағжан одан да ашындыра, анықтай, айбындырақ жырлады:

Азамат! Анау қазақ қаным десен,
Ұжымақтан сүйн алар, жаным десен.
Болмаса, ібіліс бол да у алып бар,
Тоқтатам тұншықтырып қанын десен,

яки:

Ұзын Орал — құн мен тұн шекарасы,
Бір жағы — құн, бір жағы — тұн баласы.
Арғы жағы — көк көзді жын ұясы,
Бергі жағы — түріктің сардаласы, —

деп ашық жырлады.

Мағжан — Алаштың ұлы ақыны дәре-жесіне осындаи батыл өлеңдерімен, халықтардың тарихи тамырластығымен, тарихты терең білетін сұңғылалығымен жеткен. Мағжанның тілі өткір, уытты, білімі терен, тарихи танымы зор, өлең құдіреті күшті.

Мағжанның өзгелерге үқсамайтын мөлдір сезімге, лиризмге тұнып түрған өлеңдерін айтпағанның өзінде, түрікшілдік, ұлттық бағыттағы өлеңдерінің мазмұны бай, ойы терен, мақсаты зор екені айқын. Мағжан тарихтың қалың қыртыстарын қопара біледі, ел-жүртты

өткен бабалардың аруакты рухымен оятуды мұрат тұтады. Бұл орайда Мағжанның жиырмасыншы ғасырдың басындағы Қазақстандағы саяси-идеялық ахуалға аса жетіктігі антарылады. Ол осы қалыптасқан жағдайдан шығар жолды іздейді. Мағжанның осы талпынысы тек қазақ халқы емес, бүтіндегі түркі туыстардың бірігу идеясын көксейтіні белгілі болады. Егер «Қаранғы дауылды тұн», «Күншығыс», «Бостандық» сияқты өлеңдерінде ол орыс империясының озбырлығын, сол озбырлықтан құтқарап бостандықты жырласа, «Түркістан» өлеңінде өзінің үлтynың тарихи өзегін тапқанына қуанады.

Түркістан – екі дүние есігі ғой,
Түркістан – ер түріктің бесігі ғой.
Тамаша Түркістандай жерде туған
Түріктің тәнірі берген несібі ғой, –

деп ұзақ жырды үлкен лейтмотивпен тарихтың тұңғығына бойлаудан бастайды да Түркістанды Тұран даласы етіп, бүкіл түркі халықтарының ортақ мекенін жырлап кетеді.

Ақырында өлеңді:

Бұл Тұран ежелден-ақ алаш жері,
Тұрансыз тарқамаған алаш шері.
Тұранның топырағында тыныштық тапқан
Алаштың арыстаны Абылай ери.
Шер батса кім ізdemес туған елін,
Тұлпар да көксемей ме туған жерін?
Арқаның ардагері – қалың алаш,
Тұран да, біле білсөң, сенің жерін! –

деп мекен ортақтығын қазақтың есіне салады. Бұл үлтты ұйыту мақсатын зердеге түю, зейінге құю.

Түрікшілдік ой-мұдде Мағжанға тегін орнықкан дей алмайсың. Өйткені патшалық Россияның ұлттық кемсітушілік, бодандық зорлық-зомбылығын тек қазақ халқы ғана кешіп қоймағанын ұлы ақын біледі. Сондай туыстар қазақпен де үндес болсын деген бірігу, ынтымактасу мақсаты ұлы ақынды тегін тебірентпеген. Мағжанға кейін жабылған «Пантюркизм» жаласының осындағы астары бары анық. Мағжан ғана емес, Алаштың барша зияллылары түрікшілдік туын көтеруге ықыласты. Мағжанша түрікшілдік идеясын олар да жырлады. Мысалы, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың;

Ер түрік үрпағымен даңқы кеткен,
Бір кезде Европаны тітіреткен.
Кіргені есік, шыққаны тесік болып,
Күнбатыс Күншығысқа өмірі жеткен.

Кешегі хан Шыңғыстың үрпағына,
Талай царь, талай князь тәжім еткен.
Мен – қазақ, қазақлың деп мактанамын,
Ұранға алаш деген атты адамын.
Сүйгенім – қазақ өмірі, өзім – қазақ,
Мен неге қазактықтан сактанамын, –

деп жырлады.

Соған үндес жырды Жұсіпбек Аймауытов та жазды:

Арғы адам – ер түрік,
Біз қазақ еліміз.
Самал тау, шалқар көл,
Сарыарқа жеріміз.
Ер түрік ежелден,
Оқ тескен етіміз.
Қаймығып еш жаудан,
Қайтпаған бетіміз.

Жаусын оқ, ақсын қан,
Шықсын жан – қорку жоқ.
Алаштын жолында
Жан қимақ – ниетіміз.

Мағжанның «Алатау» атты ұзақ жыры да осы сарындағас. Өйткені, ақын:

Алашқа қайсар қырғыз бала ма екен,
Қайымен қайсар жаны жара ма екен?!
Жаралы ел көшкен күнін жоқтай, жылай
Құл болып жасық жаспен қала ма екен? –

деп қырғыз халқының басындағы өз ұлтына тән күйді шертіп, оның да жүргегін тырнайды. Мұнда да «Алаш» идеясы ортақ желіге айналады.

Мағжанның шығармашылық өнеріндегі мұнданың сара жолды, түрікшілдік сипаттағы жырларын кезінде, өсіресе, Алашорда құлап, оның іргесі жойылған кезде, ол тарих сахнасынан ығыстырылған шакта ешбір адам мактап жаза алmas еді.

Мағжан туралы 1923-ші жылы жазылған макаласында Жұсіпбек Аймауытов та мұны козғауға дәрменсіз еді. Ол Мағжанды сыршыл ақын, бейнешіл ақын, суретшіл ақын деп дөп басып, өзге қырларын тегіс те жеріне жеткізе баяндап берді. Мағжан жөне алаш деңгөн тақырып бүл ретте қозғалуы мүмкін еместі. Олай жазса, бүл өзін де Мағжанды да орға итерумен бір еді.

Соның өзінде Жұсіпбек Аймауытов «Мағжанның ақындығы туралы» дейтін әйгілі макаласында Мағжанның Алашордамен байланысын астарлап, алашорданы мұқатқан болып былайша баяндайды:

«...Мағжан көріне түсіп жоқ болып бара жатқан бостандықты жырлады. «Жаралы жан» қазақтың басына түскен ауыр күндерді суреттеді. Сонда да Мағжан ұлтшылдық бетінен танған жоқ. «Азамат, анау қазақ қамы десен» деп азаматты елін қорғауға шақырды. Осы бағытпен келе жатқан Мағжанның маңдайына Октябрь төңкерісі тақ ете түсті. Ұлт ұранын көтерген «Алашорда», алашордашылар қашты, пысты. Саясат майданынан табаны ауды. Мағжан бұрынғы сеніммен, бұрынғы жолынан айрылып, дағдарып қалды...»

«Алаштың» құрылуы Мағжанның да жүргегіне қуаныш болып құйылды. Орынборда өткен алғашқы құрылтай съезіне Ақмола облысынан қатысқан екі делегаттың бірі М. Жұмабаев оқу комиссиясына мүше болып сайланды. Алайда үміт акталмады. Бас басына би болғысы келгендер айтыс-тартыстың жетегінде кетті. Ақыры басқаларға жем болды. Мағжанның «Кедей сөзі» газетінің 1921 жылғы 12 қаңтардағы санында «Жәжеке» деген бүркеншік атпен жариялаған «Автономия кімдікі?» деген шағын мақаласы осындай сәтсіздіктерді қозғайды. Ол ел болу бағытындағы шалыс қадамдардың сырына үңіледі, оқыған азаматтардың автономия ісіне жұмыла кірісе алмағанына, олардың арасындағы алауыздықтың жойылмағанына өкініш білдіреді. «Кеше, 17-18-19 жылдарда «автономия» деп атқа мінген азаматтардың біразы қазір автономияға үмітсіз, салқын қарайды. Кіріскісі келмейді, «тілегенің осы емес пе, неге кіріспейсің?» десен, «бұл — біздікі емес,

жолдастікі» дегендей. Қазіргі халдің қожасы кейбір жолдасқа жолықсан: «Автономия – менікі, мен болмаған кісі аулақ жүрсін» дегендей. Мұның аты-ұғыспау, ұқпау ғой» деп жазады.

Мағжанның түсінігінде, ұлт ұйыспай ел болу жок. Бірлі-жарым жолдастың бостандығы Алаш елінің бостандығына кепілдік бола алмайды, бостандық дәмін тұтас ел татқандағана автономия саясаты салтанат құрады, Алаш туы биік желбірейді. Демек, автономия «айлы, күнді, қанды отты тарихы бар; кен, бай, терең тілі, әдебиеті бар; басқаларға үйлеспейтін төресі, шаруасы бар – казактікі. Жұз жылдар орыс аксүйектері мен байларының тепкісінде елдігін ұмытпаған Алаштікі. «Аязды күні айналған, Бұлтты күні толғанған, құрығын наизадай таянған, қу толағай жастаған «Ер қазактың автономиясы бұл!»

...Колчактың кер заманы, одан қала берсе ұлтшылдықтың аузына қақпак салған кеңес заманы Мағжанның баяғы басылып қалған түрікшілдік сезімін қайта оятты. Мағжан енді ұлт жалауын түрік жалауының панасына, түрік қанатының астына қоюды табады. Осыдан соң ақынның «От», «Ақсақ Темір», «Күншығыс», «Пайғамбар», «Жер жүзін топан басса екен» сияқты өлеңдері жазылады.

Мағжанды жоғарыда ел, ұлт тарихына аса жетік ақын деуіміз тегін емес. Оның кезінде және одан кейін де Абылайды, Кенесарыны ұлттық, типтік деңгейге көтере жырлаған ақындар кем де кем яки болмады десек, орынды. Аталып өткен «Түркістан» өлеңінде ақын Алаштың Абылайын жырлап бір өтсе,

кейін кесек туындыларын Абылай мен Кенесарыға арнайды. Ол бұл екеуін ұлтымыздың бостандығының қайнарлары, ел тірегі, ұлт үйиткісі деп батыл жырлаған.

Мағжанның «Батыр баян» дастаны толығымен Абылайды дәріптеуге арналған. Бұл өдегеттегі құр дәріптеу, дәрежелеу емес, ұлы ханның нағыз тарихи тұлғасын жырмен, өлең тілімен кескіндеу.

Мағжан:

Күндерде сонау – қара тапсырган ел
Тағдырын Абылайдай данасына.
Сол кезде ел қорғаған Абылайдың
Қылсан да аз қанша тәуел моласына, –

деген төрт жол өлеңінің өзі ғана ұлы ақынның ұлы ханға тағзымын ұқтырмай ма.

Ал, «Оқжетпестің қиясында» дастаны түгелімен Кенесарыға арналады.

Бурабайға жер жетпейді,
Алаштан Кенекеме ер жетпейді, –

деп басталатын поэма қазактың соңғы ханына деген ұлы махаббатын ұқтырады.

«Әлеумет мұнын қолға алғаннан бері Мағжанның алатын қаһармандары: Абылай, Кенесары, Сыздық, Ақсақ Темір, Қорқыт, Қойлыйбай, Баян сықылды хандар, батырлар, ақындар» дейді Жұсіпбек Аймауытов жоғарыда атап өткен мақаласында. Бұдан біз Мағжанның Алаш тұрмысында елді бастаған ерлердің тұлғасын асқактату арқылы ұлт рухын көтеруді мақсат еткенін аңғарамыз.

Ақынның алаш ұранды жырлары алашорданың ығыстырылуымен жалыны жарқырамай қалса да ақынның ішкі мұраты өлшеусіз

сол биігінен бір елі де төмөндеген жок. Алайда оны сыртқа бұрынғыша жалындарып, жарқыратып шығаруға енді дәрмен жок. Үңғылас бар да лаж жок. Заман соған көндіріп отыр. Мағжанның да енді жаңа заманды ырық, ықтиярсыз мойындауы ғана қалды. Өйтпесе – өлім жолы даяр. Алаш көсемдері «жаздым», «жаңылдымға» көшті. Өз ықтиярынан тыс көшті. Қара күш иіп, бұрап көндірді. Бұл шақта Мұхтар Әуезов ашық хат жазып құтылғаны белгілі. Ол өзін қаралап, өзін-өзі әшкелеп құтылды. Осы әдіске Мағжан да көшті.

Ақын «Бостандық туы» газетінің 1921 жылғы 4-санында жарияланған «Бірінші май мейрамы» мақаласында да халықты құреске үндейді. Қазақ елі адамзат тұрмысында өз бетімен жол салу дәрежесіне әлі жете қоймағанын, үміт келешекте екенін түсініп, жер жүзі пролетариатының бағы ашылса, қазактың да бағы ашылатынына сенеді. «Қазақ, әділдік туын көтерген пролетариат қатарына қосыл! Оның қайғысы – сенің қайғың! Оның куанышы – сенің куанышың!» дейді.

Мағжан қай тақырыпқа қалам тербесе де әңгімені елдік, бірлік мәселелеріне әкеліп тірейді. «Сайлау» деп аталатын шағын мақаласына («Бостандық туы», 1922 жыл, тамыз) зер салайық. Автор губерналық ревкомдар таратылғаннан кейін олардың орнын басатын атқару комитеттері туралы әңгіме қозғай келіп, қазактарды белсенділікке шакырады. «Ақмола губернасының қазағы! Өзіңе қолайлы, жағдайлы мекеме керек болатын болса, ерте күннен даярланып, күніңе, шаруана пайда келтірер деген азаматтарынды кіргізіп,

мына исполкомдарынды сайлап ал. Іс басында жүргендер өз дегендерін істеп, өз адамдарын сайлап қояды, бізге тізгін бермейді деп қарадай қажуға орын жок... Пәлен-тұгендер «төре» болып алып, қындалап барады деп зарлайсындар. Құр көз жасымен не біткен? Алма өзі ауызға қашан түскен? Тұгендердің төре болмауы, ел өзіңнің қолында. Ел, даярлан. Тұпкілікті исполкомдарынды сайлап ал».

Мағжан Жұмабаевтың тарихи айналымға енген басқа да мақалалары аз емес. «Әбубекір ақсақал – Диваев» деген мақаласының да шертер сыры мол. Автор бұл еңбегінде «Елге еңбегін сінірген ер қымбат. Ердің елге бағасы қаны бір болуда, қуаныш-қайғысы ортақ болуда» деп қазақ-қырғыз елімен қаны бір болмаса да, жанын бір қылышп, шамасы келгенінше еңбек қылған, қырық жыл бойында арымай, жапанды жатқан казақ-қырғыз елін шет жұртқа танытқан, қырық жыл қазақ-қырғыз елімен қуаныш-қайғысын ортақ қылған Әбубекір ақсақалды басына көтере мақтайды.

Әбубекір Диваев деген кім? Енді аз-мұз соған тоқталайық. Ол 1855 жылы Орынбор қаласында туған. Ұлты – башқұрт. Жасынан орысша оқып, Орынбордағы кадет корпусының Азия бөлімін бітіргеннен кейін, әскери қызметімен Түркістанға келген. Қазақ, өзбек, тәжік, парсы тілдерін жетік менгерген Әбубекір Ахметжанұлы қазақ халқының тұрмыс-салты, әдет-ғұрпына қатысты материалдар, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаумен айналысады.

Оның үлкен олжасы – 1895 ж. Қожа Ах-

мет Исауи мешітінен табылған көне жазулар. «Ол тапқан көне мөрдің ортасындағы шенберде Қожа Ахмет Исаудің есімі жазылған, «Хижраның 1212 жылы» деген белгі бар, ал шенбердің шетінде мөрді жасаушы шебердің есімі (Қожа хан) көрсетілген. Мөрдің орта шенбері (көлденең қимасы 9 см.) он радиусқа бөлініп, оның әрқайсысының арасына Мұхаммед пайғамбардан бергі мұридтердің есімдері жазылған». (Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. Алматы 2001 ж. 228 б.)

Ә. Диваев 1896 жылы Археология әуес-көйларының Түркістан үйірмесіне мүше болып қабылданады. «Шора батыр», «Бекет-батыр», «Қобыланды», «Алпамыс батыр» (оның бірнеше нұсқасы, «Қамбар батыр», «Ер Тартын», «Айман-Шолпан» жырларын, «Алаша хан мен Алдар көсе», «Ажы» т.б. ертегілерін, «Қазақ балаларының ерте замандағы ойындарын», «Шешендік сөздерін» жинап, қағаз бетіне түсірді, олардың кейбіреулерін орыс тіліне аударды. Халық аузынан Асан Қайғы, Алаша хан, Әмір Темір, Қарааш батыр, т.б. туралы деректер мен қазақ халқының бесік жырын, беташарын, құдалық салтын, мақалмәтел, толғауларын, бақсы сарынын жазып алғып, жариялады.

Әбубәкір Диваев әскери қызметінен босағаннан кейін Сырдарияның губернаторы Гродеков дегенге тілмәш болады. Гродековтың ойы бұзық, оның мақсаты – қазақ-қырғыз елін орыс үкіметіне әбден бағындырып, нокталап алу. Ал, Әбубәкір ақсақал болса керісінше бауырлас елдерді басқаларға жақсы жағынан таныстыруға күш салады. Ол өз

материалдарын орыстың газет-журналдарына жариялатып отырған. Сөйтіп, Әбубекір Диваев мақалалары арқылы қазақ елін Европағалымдарына дейін таныған. Әбубекір қырғыз-қазақ елдері үшін тұмсығымен су тасыған карлығаш бола білді. «Қарлығаштың қымбаттығы тасыған сұнының молдығында емес, жүргегінің адалдығында... Қазақ-қырғыз елі Әбубекір ақсақалдың адап еңбегін бағаламай койған жок, һем қоймақ емес. Бағалаудың қымбаты – алдына айдал мал салу емес, шын көнілден разылық білдіріп, елдің оны «Сен – менің ұлым» деуі. Осы 1923 жылы 22 наурызда Ташкентте қазақ-қырғыз білім комиссиясының бастауымен қазақ-қырғыз елі Әбубекір ақсақалдың қырық жылдық еңбегіне ұлы той (юбилей) жасап, өзінің шын разылығын білдіріп, Әбубекір ақсақалға: «Ұлым...» деді. Ердің еңбегін ел актады, һем актамақ. Ақтағаны шын көнілмен мактағаны; елге ер қымбат, елге ердің адап жүрегі қымбат» деп жазды Мағжан Жұмабаев.

Мағжан Жұмабаев акталғаннан кейін оның өмірі мен шығармашылығын зерттеушілердің ақын ғұмырнамасын қалпына келтіруге асығулары орынды еді. Десек те, бертінгे дейін біраз жайлар назардан тыс қалып келді. Мұның 1922 жылға да қатысы бар. Елді жаппай ашаршылық жайлаған нак осы кезде Мағжан қайда болды, немен айналысты? Осы сауалдарға толыққанды жауап беретін құжаттар бүгінде Солтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағатынан табылады. Міне, осы құжаттарда көрсетілгендей, Қырғыз өлкелік Орталық атқару

комитетінің 1921 жылғы 29 қарашадағы ережесі негізінде ашыққандарға жәрдем беретін Ақмола губерниялық төтенше комиссиясы құрылады. Бұл мекеме сол жылдары губерния орталығы болған Петропавлда орналасады. Мағжан алғашында осы комиссияның төрағасы болса, кейін төрағаның орынбасары қызыметін атқарады. Мағжан өзіне жүктелген міндеттерді жүзеге асыруға жантәнін сала кіріседі. Осы ретте 1922 жылғы 4 мамырда Ақмола губерниялық төтенше комиссиясының төрағасы Даниловтың жеделхатының қозғалысын қамтамасыз ету жөніндегі Петропавл-Көкшетау теміржол құрылышының бастығы Ильиннің атына жолдаған қатынас хатынан да біраз жайды анғаруға болады. Жеделхатта: «Жергілікті тұргындардың, сондай-ақ, босқындардың теміржолмен және ат-арбамен аяу көшуі кең етек алып барады. Тұргындар қолда барын шығындалп basқa уездер мен губернияларға қоныс аударуда. Аштыққа қарсы күрес комиссияларына теміржол, сол сияқты ат-арбамен өз беттерімен көшуге болмайтынын, мұндай жағдай ауыл шаруашылығының құлдырауына, тұргындардың өлім-жітіміне әкеліп соқтыратынын түсіндіру жөнінде жедел шаралар колдану, мұндай көшіп-қонуларға жол бермеу, тіпті қажет болғанда оларды жолда бөгеуден де тартыншақтанбау ұсынылады» дедінген.

Тарихи құжаттар, өсіреле, бұл кезде казактардың жағдайы өте ауыр болғанына көз жеткізеді. Мағжан осы жайларды ескеріп, аштыққа қарсы күрес комиссияларының құра-

мына қазақ қызметкерлерін міндettі түрде енгізу жөнінде ұсыныс жасайды. Іле, 6 мамыр күні Губерниялық ашыққандарға жәрдем беру жөніндегі комиссия аштықпен құрес ісіне қазактарды тарту мақсатында уездік ашыққандарға жәрдем беру комиссиясының құрамына жергілікті қырғыз қызметкерлерінің бір өкілін шұғыл түрде енгізуді ұсынады... Орындалуын тез хабарланыздар деген мазмұнда жеделхат жөнелтіледі. Нак осы күні М. Жұмабаев губерниялық халық сотына жолданған жеделхатқа да қол қояды. Онда ашыққандарға жәрдем көрсету жөніндегі губерниялық комиссиясының 5 мамырдағы қаулысы негізінде губернияның қырғыз (қазақ – Ж.С.) түрғындары арасында ашыққандарға жедел көмек көрсету үшін бұл іске қазактардың тұрмысымен таныс адамдардың, яғни қазактардың қатысуы кажеттігі айтылады.

Осы бір ауыр кезеңде М. Жұмабаев қол койған құжаттардың бәрінен де оның тиянақтылығы, іске деген жауапкершілігі анғарылады. Осылай 1922 жылғы маусымның 23-і күні Москваға, аштыққа қарсы құрес комиссиясының орталық комитетіне аш-жалаңаштардың Петропавлға қарай ағылуын тоқтату кажеттігін, мұндағы жағдай жай да өте күрделі екенін хабарласа, 29 маусымда Қостанай губерниялық ашаршылыққа қарсы құрес комиссиясына 5000 пүт астық жөнелту жөнінде нұсқау береді.

Осы жылдың шілде айында ашыққандарға көмекті күшету мақсатында Мағжанның өзі де Петропавл, Көкшетау уездеріне іс-сапарға шығады. Осыған орай оның атына жазылған

мандатта Жұмабаев жолдасқа ашыққандарға көмек қорына түскен азық-түліктің нақты есебін жүргізу, келенсіздіктер байқалса оны жедел жою, аштыққа ұшырағандардың нақты санын анықтау, оларды жағдайы біршама тәуір аудандарға бекіту, халықтан ерікті түрде жиналған мал мен азық-түлікті ашыққандарға бөлу, бұл іске жергілікті аксақалдарды тарту тапсырылады. Осы сапарында Мағжан көп жайға көз жеткізіп қайтады. Бұлардың бәрі оның сапардан оралысымен 20 тамызда жазып тапсырған есебінде толық баяндалған. «5-шілдеде Қияқов жолдаспен бірге Петропавлдан аттанып кеттім. Маған Қекшетау және Петропавл уездеріндегі аштыққа ұшыраған қазағы қалың аудандардағы жағдайға қанығу, жағдайы тәуір аудандардан азық-түлік жинау және Қекшетау уездік аштарға көмек комитетінің жұмысын жолға қою жүктелді, – деп жазады ол. – 9-шілде күні Қекшетауға келдік. Қияқов жолдас сол жерден Атбасар мен Ақмолаға жүріп кетті. 14-шілде күні мен кезектен тыс пленарлық мәжіліс өткіздім. Онда әрбір әкімшілік ауылыштан бір малдан есептеп, қазақ ауылдашынан мал жинау және үштен бір бөлігін Петропавлға жөнелту, қалғанын жергілікті жердегі аштарға бөліп беру жөнінде қаулы қабылданды. Сондай-ақ, Қекшетауда тез арада қазақ балалары үшін балалар үйін салу мәселесі де шешілді.

16-шілдеде жағдаймен танысып, нақты шаралар қолдану мақсатымен Қекшетау уезінің аштыққа ұшыраған батыс болыстарына соктый. Шұңқыркөл, Қараша, Мезгіл

және Айыртау болыстарында болдым. Бұл болыстарда тұрғындардың жағдайы өте ауыр екен, 90 пайыздайы жеміс-жидекті талғажау етуде. Аштықтың салдарынан белең алған көптеген індептердің күесі болдым. Аталмыш аудандарда 10-11 күн болғанда аш-жалаңаштарға көмек үйымдастырдым, оларға қысқа дейін сауынға мал бергіздім». Осылай дей келіп М.Жұмабаев өзінің есебінде мемлекетке май тапсыру салығының онсыз да аш халықты тұралатып тастағанын жазады.

Шілде айының сонында қайтадан Көкшетауға оралған Мағжан уездік аштарға көмек комитетінің мүшесі мұхтасиб Айтқожинмен бірге аштық жайлай қоймаған шығыс болыстарды аралайды. Мұнда да халық айтқан сөзден шықпай, 70 ірі қара мен қой-ешкі және 150 әртүрлі тері жинап береді. Бұл малдың үштен екі бөлігі Көкшетауға, қалғаны Петропавлға жөнелтіледі.

Петропавлға қайтар жолда Мағжан губерниялық ашыққандарға көмек комиссиясының өкілі Жақыповпен бірге Жамантұз және Теренқөл болыстарына соғады. Мұнда да аш-жалаңаштар көп. Дегенмен ауқаттылары Мағжанның аштарға көмек көрсету жөніндегі ақылына құлақ асып, Тайынша, Жамантұз болыстары 20 ірі қарадан, 20 теріден Сарыайғыр болысы 7 ірі қара, 25 тері жинап береді. Мағжан осының бәрін аштарға бөліп беруді Жақыповқа тапсырады да, өзі 17-тамызда Петропавлға оралады, 19-тамызда іс-сапары туралы есебін жазып тапсырады. Осыдан кейін Мағжанның Ташкентке қоныс аударғанша үштөрт ай немен айналысқаны белгісіз.

* * *

Мен Мағжанның атын алғаш рет 1972 жылы естідім. Әскер қатарынан оралып, редакцияға қызметке орналасқаннан кейін отбасымызben Қызылжардағы Куйбышев (казіргі М. Әуезов) көшесіндегі жеке меншік үйде пәтер жалдап тұрдық. Әкелі-балалы жандар үйлерін қатар салыпты. Үлкен үйде кемпір мен шал, түкпірге қарай салынған шағын үйде үш баласымен сол кісілердің үлкен үлдары тұрады екен. Есімі – Мағжан. Біз осы үйдің бір бөлмесіне орналастық. Бір үйде тұрсақ та пәтер иесімен сирек кездесеміз. Өйткені, ол кісі заводта участке бастығы болып істейді, жұмысқа ерте кетеді, кеш келеді...

Осылай жүріп жаттық. Кейін жақынырак танысып, дастарқанымыз араласа бастаған күндердің бірінде шай үстінде Мағжанның етженділеу келген қараторы келіншегі:

– Журналиске тақырып керек қой, бір нәрсе айтайын ба? – деді.

– Айтыңыз.

– Атамның айтуына қарағанда, оны мен атамның өзінен емес, баласынан естідім, казакта Мағжан деген бір керемет ақын болыпты. “Халық жауы” ретінде атылған дейді. Менің атам сол кісімен Омбыда бірге оқыпты, дос болыпты. Баласының атын сол кісінің құрметіне Мағжан деп қойыпты. Кейін аталас бір туысының әйелі босанып, “есімін сіз Койыңыз” деп қолқа салғанда, оны да “Мағжан болсын” депті.

Бұл әнгімеге бірден елең ете қоймадым. Өйткені, Мағжан бұрын естімеген адамым.

Жазушылардан менің білетінім Сәбит Мұқанов, Ғабит Мұсірепов, Мұхтар Әуезов, Бейімбет Майлин, Илияс Жансүгіров, Сәкен Сейфуллин. Соңғы үшеуі де атылып кеткен. “Мағжан керемет болса, осылармен бірге неге акталмаған?” Осы бір ой мені одан алыстата түссе де, сол күннен кейін көрші шалды кездестіргендеге ойыма бірден Мағжан оралатын болды.

Артынан сұрастыра келсем, Қызылжарда Бейсен аксақалды білетіндер көп екен. Ол кісі сол кездегі облыстағы ірі молдалардың бірі болуы керек, әйтеуір, ертелі-кеш біреулер машинамен келіп, әкетіп-әкеліп жатады. Өзі бой-басын таза үстайтын адам. Сөзге сараң. Таңертенген кешке дейін қолынан құраны түспейді, бейсауат көшеге шықпайды. Жаңылмайтын бір ісі – апта сайын мешітке жұма намазына барады. Бірде реті келгенде: “Ата, Мағжан деген үлкен ақын болыпты” дейді, сіз сол кісімен бірге оқыпсыз ғой” деп сыр суыртпактамақ болып едім, шегір көздерін өзіме қадап біраз отырды да: “Болды ғой, болды,” – деп сөзінің ар жағын жұтып қойды. Одан әрі жақ ашқан жоқ. Кейін де ол кісімен талай рет сөйлеспек болып оқталған едім, бірақ қариядан сөз ала алмадым.

Бірде Мағжан Жұмабаевтың есімі тағы да алдыннан шықты. Өзімнің бастығым, ол кезде қазіргі “Солтүстік Қазақстан” газеті “Ленин туы” деп аталатын, совет құрылышы белімінің менгерушісі Мұхаметқали Нұрғожин көнілі түссе көлдей адам еді. Кейде жұмысты былай сырып қоя тұрып, әңгіме

шертіп кететіні бар-ды. Айтары көп: соғыс ардагері, ұзак жылдар партия, шаруашылық органдарында қызмет істеген. Сол кісі бір күні әңгіме шертіп отырып, өзінің 1936 жылы Петропавлдағы мұғалімдер даярлайтын техникумда оқығанын, сол кезде Мағжан Жұмабаевтың орыс тілінен сабак бергенін айтып қалды. “Мағжан Жұмабаев қандай адам еді?” – деп сұрадым. «Одан бері көп уақыт өтті ғой, шашы бүйра, өте сұлу адам еді. Орысшасына орыстардың өзі тәнті болып жүретін,» – деді Мұқан.

Бастығым осыдан басқа ештеме айта алмады. Ол кезде (1973 ж.) Мағжан есімі аталмайтын, өлде Мұқан сақтық жасап, көп сырын бүгіп қалды ма, өлде шынында да білгені сол болды ма екен? Кейін ол кісінің Мағжанның алдынан дәріс алғанмен, өмірінен бейхабар болғаны рас шығар-ау, деп ой түйдім. Өйткені, 1988 жылы М. Жұмабаев ақталғаннан кейін, ол кезде Мұқан тірі, біз талай рет кездестік, Мағжан туралы не білесіз деп қазбалап сұраған кездерім де болды, бірақ ол кісі алғашқы айтқандарына ештеңе қоса алған жоқ.

Редакцияның қым-қуыт өмірі, күнделікті қарбалас не нәрсені болсын ұмыттырып жібереді. Мұқандар тапсырманың үстіне тапсырма беріп, “Әлгі материал қайда?” деп көзілдірігінің үстінен қарағанда, жанынды коярға жер таппай қысыласың келіп. Ол кезде газет аптасына бес рет шығады. Оны толтыру онай емес. Мұндайда бәрін ұмытуға тұра келеді. Осылай күн артынан күн өтіп жатты.

...1986 жылдың желтоқсан айының 15 жүлдөзүндө мен бір топ партия қызметкерлерімен бірге Алматыға келдім. Ол кезде бізді аратұра Жоғары партия мектебіне бір айлық курска жіберіп тұратын. Сабак 17-сі күні басталуға тиіс. Оған әлі екі күн бар. Жатакханаға орналастым да, амандық білейін деп осында тұратын ұстазым Сейтен Сауытбековтің пәтеріне телефон шалдым. Секен менің Алматыда екенімді естуі мүн екен, “үйге келдің” астына алды. “Мазалағаным қалай болады?” деп ойымды жіңішкелеп жеткізіп көріп едім, Секен оған тоқтай қоймады «Біздің үйдің қайда екенін білесін, күтемін», – деп телефон трубкасын қойды.

Сейтен Лиманұлы Сауытбеков менің туған ауылым Балуанда көп жыл сегізжылдық мектепті басқарған, зейнет демалысына шыққаннан кейін Алматыға қоныс аударған-ды. Өзі өте білімді адам, араб, парсы тілдерін біледі, өлең жазады. Алматыға келісімен жыл сайын бір жинақ шығаратын болды.

Сірә, менің келетін уақытымды жобалап отырған болуы керек, қоңыраудың түймесін басуым сол екен, есікті Секенің өзі ашты. Амандық-саулық сұрасқаннан кейін өзінің жұмыс бөлмесіне бастады. «Тәтен өмірден озған, қазір Сейілмен тұрып жатырмын», – деді Секен бір сәт мұнайып.

Секен елді керемет сағынған екен, сол жолы сұрамаған адамы жок. Әңгімемен біраз отырып қалыптыз. Арасында өз жайын да айттып қояды. «Жуырда баспадан тағы бір кітабым жарық көруге тиіс. Үйде қарап отыра алмаймын. Кітапханадағы жұмысым да көп уақыт

алады». Ол кезде Секен Пушкин атындағы орталық кітапхананың сирек әдебиеттер бөлімінде істейтін. Мен кетуге ыңғайланғанда ол жазу столының суырмасын ашып, мәшиңкеге басылған бірнеше паракты маған ұсынды. «Естуің бар ма, қазактың Мағжан Жұмабаев деген керемет ақыны болған, өзі біздің жерлесіміз, 1938 жылғы құғын-сүргінде атылып кеткен. Әлі акталған жоқ. Соның біраз енбегі қолыма түсіп, аударып едім. Мынау “Батыр Баян” деген поэмасы сенде болсын, күні туғанда елдегілерге ұсынарсың», — деді.

Секен астарлап сөйлейтін, өте терен адам еді. “Күні туғанда” дегендегенде Мағжанның көп кешікпей толық акталатынын сездірген екен. Ол күн де туды. 1988 жылғы 28 желтоқсанда “Мағжан Жұмабаевтың, Ахмет Байтұрсыновтың және Жұсіпбек Аймауытовтың шығармашылық мұрасы туралы” Қазақстан компартиясы орталық комитетінің қаулысы жарияланды. Бұл Мағжан толық акталды деген сөз еді. Нак осы уақытта ұстазымның аманатын орындалап, Мағжан Жұмабаевтың “Батыр Баянын” облыстық радиодан бердік. Ол кезде мен облыстық радиода бас редактор едім. Ал, Бұркіт Бекмағанбетов осында диктор болатын. Бұркіт бар өнерін салып, санқылдатты.

Шыны керек, осыдан кейін де мені Мағжан тақырыбы аса қызықтыра қойған жоқ. Оған бірден-бір себеп — сол кездегі жұмыс бастылығым болды ғой деп ойлаймын. Бірақ, неге екенін білмеймін, Мағжан менің алдынан шыға берді.

Кешкілік жұмыс орнында отыр едім, телефон шылдыр ете түсті.

— Сәлеметсіз бе, бұл Едіге Қайырбеков деген қазақ, — деді трубканың ар жағындағы адам.

— Ассалау мағалейкүм, — деп сәлем бердім. Ол кісінің сырттай білуші едім. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша басқармасы бастығының орынбасары болып істейтін, полковник.

— Ертең уақыт тауып, маған келіп кетпейсіз бе? — деді Едікең сыпайы ғана. Көп ойланған жоқпын.

— Таңертең келемін, — дедім.

Трубканы орнына қойғаннан кейін “Бұл кісі мені неге шақырды екен?”, — деп ойланып қалдым.

Таңертең жұмыс күні басталысымен Ұлттық қауіпсіздік басқармасының табалдырығынан аттап, өзімнің полковник Е. Қайырбековтің шақыруымен келгенімді айттым. Кезекші офицер ішкі телефонмен басқарма бастығының орынбасарымен байланысты да: “Жүрініз, ол кісі күтіп отыр”, — деді.

Едіге Қайырбековті сыртынан талай рет көргем. Бойшаң, кескінді кісі, тіп-тік жүреді. Орнынан тұрып, жылыұшырай қарсы алды. Қол алысып амандақаннан кейін “Отырыңыз” деп алдында тұрған орындықты нұскады.

— Мені сіз танымайтын шығарсыз. Мен Керекудің азаматымын. Біз сізді білеміз, үйдегі жеңгөң де жазғандарыңды оқып жүреді. — Осылай деді де, ол алдында жатқан папкаға қол созды.

— Мағжан Жұмабаевтың акталғанын білесіз ғой, мынау — сол кісінің ісі. Мүмкін қызықтырар деп шақырып отырмын, — деді. Мен бірден келісімімді бердім.

– Бұл істі өлі ешкім қолына ұстаған жок, сыртқа шығаруға болмайды, осында қарайсыз.

– Жақсы.

Содан бір аптадай Мағжан ісінің үстінен түспедім десем де болады. Біраз жайды қойын кітапшама да түсірдім. Аптаның соңында Едікеңе кіріп, Мағжан ісімен танысып болғанымды айттым. Ол кісі мені ескі таныстай жылыұшырай қарсы алып, біраз әңгімелестік. Байқағаным әдебиеттен хабары мол екен. Қоштасарда: “Көп созбауға тырысыңыз, казір жұрттың бәрі жапа-тармағай жазады ғой, шындық сіздің қолыңызда, соны ҳалыққа тезірек жеткізіңіз”, – деді.

Хош, сонымен өзім апта бойы әрі актарып, бері актарып, көнілге түйгендерімді қойын кітапшама тұртіп алған жайларды тағы бір ой елегінен өткізіп, мазасыз күй кештім. Кеудемді бір мақтаныш кернейді. “Араға жылдар салып халқына қайта оралған аяулы ақын өмірінің актандақтарын мен ғана білемін. Тезірек жазуым керек”. Бірак, каламым жүре қоймады. Түсініксіз жайлар көп.

Уақыт табымен сарғыш тартқан № 3881 істің оң жақ шекесінде “құпия” деген жазуы бар. Мағжан Жұмабаевты айыптау жөніндегі бұл іс 1937 жылдың 30-шы желтоқсанында қозғалған. Ол осыдан үш күн бұрын тағы да тұтқындалған болатын. Сонда тағылған айып қандай дейсіздер ғой. НКВД қызметкерлері Марсельский мен Латыпов қол қойған анықтамада ол былай тұжырымдалған: “Мағжан Жұмабаев алашордашы... 1917 жылы Омбы қаласында “Бірлік” ұлттық үйіміның

мүшесі болған, Кеңес өкіметіне қарсы құрғасынан үйымдастыруға қатысқан.

1922 жылы Байтұрысқынов және басқалары басқарған революцияға қарсы қазақ ұлттық үйымына жалданып Кеңес өкіметін құлату үшін белсенді жұмыс жүргізді.

1929 жылы революцияға қарсы қызметі әшкереленіп 10 жылға сотталады, концлагерге қамалды.

1935 жылы лагерьден оралғаннан кейін ескі контрреволюциялық байланыстарын қалпына келтіріп, революцияға қарсы белсенді іс-кимылын одан әрі жалғастырды”.

Бұл кезде ақын Алматыда Лесная көшесіндегі 89 үйде тұратын. Тінту еш нәтиже бермесе де, тағылып отырылған кінәні дәлелдейтін айғақтары болмаса да кіші лейтенант Нұржанов жедел-ғабыл жауап алуға кірісіпті.

Сұрақ: “Сіз Қазақстандағы Кеңес өкіметіне қарсы ұлттық үйымның мүшесі ретінде және оның тапсырмасы бойынша белсенді контрреволюциялық жұмыс жүргізгенініз үшін тұтқындалып отырсыз.

Сіз өзініздің осы кінәнізді мойныңызға аласыз ба?”

Жауап: “Бұл орайда мен өзімді кінәлімін деп санамаймын”.

Тергеуші мен ақын арасында болған алғашқы өнгіменің төркіні осындай. Бір таң-қаларлығы, арада бір апта өткеннен кейін, 1938 жылғы қаңтардың 6-сында Мағжан Жұмабаев Қазақ КСР-нің ішкі істер халық комиссариатына өтініш жазып, өзіне тағылған барлық айыпты мойнына алатынын, 1919-

1929 жылдар аралығында Бөкейхановқа жалданып, Жапонияның пайдасына шпиондық жасағанын мәлімдепті. 1929 жылға дейін Сейфуллинмен, ал лагерьден келгеннен кейін И.Ахметовпен, Е.Омаровпен (Бөкейхановтың жеке хатшысы (— Ж.С.), С.Мұқановпен байланысы болғанын жазады. Осы айтылғандардың бәрін ақпанның 16-сы күні жауап алу кезінде де растайды. Осы іс бойынша тергеуші Дмитриенко ақынның жұбайы Зылиха мен Бейімбет Майліннен де жауап алған. Бірақ, олардың жауабында ілгек боларлық ештеме жок. Соған қарамастан ақын НКВД комиссиясы мен КСРО прокуратурасының 1938 жылғы 11 ақпандығы шешіміне сәйкес Кенес үкіметіне қарсы және шпиондық қызметі үшін ату жазасына кесіліп, үкім сол жылы наурыздың 19-ы күні орындалған.

Ақынға тағылған айып мүлде дәлелденбegen. Ал, оның өзінің мойындауына келетін болсақ, тергеу кезінде Бәйділдин, Сейдалин және басқа 14 адамды шпиондыққа тарттым десе де кейінгі тексерістер көрсеткендей, мемлекеттік қауіпсіздік органдарында, мұрағаттарда жоғарыда есімдері аталған адамдардың шетелдік барлаумен байланыста болғанын айғактайтын құжаттар жоқ болып шықты. Ол ол ма, КСРО Жоғарғы соты әскери алқасының шешімімен ату жазасына кесілген Бөкейхановтың өзіне де шпиондық жасады деген айып тағылмаған. Бір сөзben айтқанда, Мағжан Жұмабаевтың тағдырының қайғылы аяқталуына әкеліп соққан үкім азап пен мазакқа тәзе алмай морт сынған ақынның өз мойындауына ғана негізделген. Сол кездегі

зандылықтың, соттың сыйқы осы болса, оған не шара?! Алмағайып заманда халқы ақыннан осылай айрылған еді.

Қайғы-қасіретке, азапқа, мұнға толы сол жылдар сияқты ақынның халқына қайта оралуы да оңайға соқпаған сияқты. 1959 жылдың тамыз айында қозғалған №4998-ші іс осыған көз жеткізеді. Бұл істің қозғалуына бірден-бір себепші болған адам – ақынның жары Зылиха. “Өлі риза болмай, тірі байымайды” деген емес пе, қапылыста айрылып қалған асылына адал атын қайтаруды өмір мұратына айналдырған Зылиха шешей талай табалдырықты тоздырып, талай жоғары мәртебелі мырзаларға хат жолдаған. Сондай хаттың бірі КСРО Министрлер Кеңесінің төрағасы Н.С.Хрущевке жолданады. Мәскеуден осы хатқа байланысты нақты нұсқау алған Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы мемлекеттік қауіпсіздік комитеті Мағжан ісін қайта қарауға мәжбүр болады. Зылиха шешей осы комитеттің тергеу бөлімінің бастығы Н.П.Ловяtinge де хат жазып, (бұл хат та біз сөз етіп отырған істе тігілген) Мағжанның жазықсыздан жазықсыз атылып кеткенін, түрмеден шыққаннан кейін қоғамдағы өзгерістерге көзқарасы мүлде өзгергеніне иландырмак болды. Соның айғағы ретінде ақынның түрмеден босап келгеннен кейін жазған бір шумак өлеңін келтіреді.

“Осы бетім – ак ниетім, келдім бастап,
Жанымнан бар жараны сылып тастап.
Еңбекші ел ашуы ұшан, мейірімі мол,
Жанымды тарттым саған жалаңаштап.”

Бір сөт шегініс жасап, осы жолдарға тереңірек үнілейікші. Ақын өзінің қателігін,

адасқанын мойындап тұрған жок па. Тұрмеде оймен талай жыл оңаша қалған ақын неге жаңынан жоқ жараны сылып тастайды. Иә, бұл шарасызыңдан туған жолдар еді.

Ол куғын-сүргіннің дүлей күшін тұрмeden шыққанан кейін, тіпті, күшті сезінген. Қайда барса да жабулы қакпа, меніреулік. Сенің кім екенінді білетіндер селт етпейді. Не істеу керек? Ажалдыға бір өлім бары анық қой. Ал, жүректі толқыткан жырды ала кетуге бола ма. Өзін өлімге қиса да, өлеңін қимаған ақын тығырықтан жол іздеген болуы керек. Сәбит Мұқановтың 1936 жылғы 27 қазанды Мағжан Жұмабаевқа жолдаған хаты да осыны дәлелдейді.

“27. X. 1936 жыл.

Алматы.

Күрметті Мағжан, жазушылар үйымына жазған арзызыңды да, менің елдегі адресіме жазған хатыңды да алдым. Правление мүшелеріне оқыдым. Олар да, мен де шын ықыласпен Совет әдебиетіне қатынасамын деген сөздеріңізді, берген уәдеңізді қарсы аламыз, шындығына сенеміз.

Адамишылқар ар-ұяты бар кісі осылай болуга тиіс. Өзіңіз айтқандай адам баласын бақытқа жеткізетін жалғыз жол коммунист партиясының жолы.

Сізбен жолығып сөйлескенде де мен айттым гой: егерде взвіз шын ниетпен совет әдебиетіне қызмет етеп десеніз жазуыңызга ешкім бөгет болмайды деп. Сол сөзім әлі де сөз. Бұл пікірге басқа жолдастар да қарсы емес. Бұл хатта мен жалпы сөзді қоя тұрып, сіздің екі сұрагыңызға жауап берейін.

1. Жазушылар үйымына совет әдебиетіне

қаламымен еңбек сіңірген кісі алынады. Біз сіздің қаталықтан қайттым деп жазған хатыңызга сенеміз. Бірақ, көшілік алдына дұрыс қаламыңыздан шыққан көркем сөзіңізді ұсынғанша, олеңдеріңіз басылғанша үйымга мүше болуды үстәв көтермейді. Бұл сөзге сіз ренжуге тиісті емессіз.

Устав – үйымның тәртібі. Тәртіп декларациядан істі жақсы көреді. Жазуыңызды бетке қақпаймыз. Совет платформасында отырып жазған сөзіңізді басамыз. Содан кейін үйымга мүшелік мәселесі өзінен-өзі шешіледі.

2. Қызметіңіз, үйымның сізге қамегі туралы. Алдымен Қызылжарда тұрсаңыз да, А-Атага келсеңіз де ықтияр өзіңізде болсын. Мұнда келемін десеңіз сізді бетке қагатын кісі жоқ. Қайда тұрсаңыз да жазуга керекті жағдайды жасастуга болады. Бірақ, бұл ретінде маган хабар беріңіз.

Қызылжарда сөйлескенде айттым гой: жазуга белсене кірісу, совет әдебиетіне қызмет ету жұмысының тетігі қобінесе өзіңізде деп, егерде шын ниетпен совет әдебиетіне атсалыссаңыз Сізді бетке қагатын, бұрын пәлен болып едің дейтін кісі болмайды. Пролетариаттың рақымы мол. Ол қоргай да біледі. Жарылгай да біледі. Бірақ, пролетариат сөз емес, істі жақсы көреді.

Құрметті сәлеммен
Сәбит.”

Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті Мағжан Жұмабаевты актауға байланысты істі көп созбай нүктесін қойып берген. Сөйтіп, 1938 жылғы айыптау жокқа шығарылды. Десек те, ақын бұл жолы да толық акталмайды.

Оқырмандарға түсінікті болу үшін, тағы бір құжатқа жүгінейік. “Қазак КСР Министрлер Кеңесі жанындағы мемлекеттік қауіпсіздік комитеті төрағасының орынбасары А. Арыстанбеков жолдасқа

Сіздің 1959 жылғы 10 желтоқсандағы №3/1866 қатынас қағазынызға байланысты Қазан революциясына дейін және кейін жарық көрген шығармаларының, жырларының, романдарының, мақалаларының, очерктерінің және аударма шығармаларының идеялық бағыты туралы қорытынды жасау үшін Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығымен танысу мақсатымен Қазақ КСР Ғылым академиясының тіл және әдебиет институты мен Қазақстан Жазушылар одағы ғалымдар мен жазушылар есебінен топ құрғанын хабарлаймыз.

Топқа кіргендер:

1. Тәжібаев Ә. – төраға.
2. Дүйсенбаев И. – әдебиеттанушы, төрағаның орынбасары.
3. Ахметов Ғалым – аудармашы.
4. Жангалин М. – аудармашы.
5. Ысмайылов Е. – әдебиетші.
6. Мөуленов С. – ақын.”

Бұл құжатқа Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы Ә. Тәжібаев қол қойған. Енді осы топтың тындырған ісіне тоқталайық. Топ бұл жайында 1960 жылғы мамырдың 19-ында “өте құпия” түрде мемлекеттік қауіпсіздік комитетіне былай деп хабарлаған. “Сіздердің өтініштеріңіз бойынша жазушылар мен әдебиетшілердің бір тобы 1938 жылы сottalған Мағжан Жұмабаевтың әдеби мұрасымен үстірт танысып шықты... Артында қал-

ған жырларына келетін болсақ, тұтас алғанда өзінің идеялық негізінде буржуазиялық-ұлттық, демек контрреволюциялық сипатта болған.” Осылай арнайы құрылған топ 1938 жылы НКВД қызметкерлері ойлап тапқан айыпты жартылай дәлелдеп тастаған. Тек бұл арада басын ашып айта кететін бір мәселе, жоғарыдағы топ әзірлеген қорытынды құжатқа қазактың белгілі ақыны Сырбай Мәуленов қол қоймапты. Ақынның зерттелген мәселеге жеке көзқарасы болған-ау деп қалдым. Әйтпесе, ол кезде мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің тапсырмасын орындамауға кімнің дәті шыдап, батылы барған. Ұлы Отан соғысы жылдарында от пен оқтың арасында болып талай рет өліммен бетпе-бет келген ақын арынан аса алмаған-ау, сірә. Біздіңше оның басқа себебі болуы мүмкін емес.

Ақыры не керек, ақын өміріне қатысты осы жайларды өзек ете отырып, көлемді мақала жаздым. Ол “Солтүстік Қазақстан” газетінде жарияланды. Осыдан кейін бұл жайды бүкіл республика жүртшылығының білгені жөн ғой деген оймен жарты сағаттық радиохабарын жасадым. Ол іле республикалық эфирден берілді. Ол кезде мен республикалық радионың Солтүстік Қазақстан облысындағы меншікті тілшісі едім. Хабарды біраз адам естіпті. Белгілі жазушы Әлжаппар Әбішев “Мәдениет және тұрмыс” (казіргі “Парасат”) журналына ұсынған көлемді мақаласында Мағжан Жұмабаевтың сottалуы мен ақталуына қатысты жаңа жайларды радиодан естігенін, жаны түршіккенін айтып, оны 1960 жылы жарық дүниеге шығармаған-

дардың қалай жер басып жүргеніне таңданыс білдіріпті.

Осыдан кейін мен қайтадан Мағжан тақырыбын қаузауға кірістім. “Солтүстік Қазакстанда” жарияланған мақаланы толықтырып, республикалық басылымдардың біріне ұсынуға үйғардым. Өстіп жүргенде Алматыға жол түсті.

Бұл кезде Мағжан өмірінің бізге беймәлім беттері әлі баспа бетін көре қойған жокты. Содан да болар редакциядағылар: “Мақаланы басайық, тек Жазушылар одағының тобына қатысты жерін алып тастаңыз”, – деді. Мен бұған келісе алмадым.

Осыдан кейін облыстық деңгейде болсын, республика қолемінде болсын барлық басылымдар дерлік, Мағжан туралы мақалаларды жариялай бастады. Мен шамам келгенше олардың бірде-бірін қалт жібермеуге тырыстым. Бірақ, мемлекет қауіпсіздігі комитетінде сакталған № 3884 іспен танысқандардың бірде-бірі Ә. Тәжібаев басқарған комиссияның тұжырымы туралы жұмған ауыздарын ашқан емес. Содан ба еken, күні бүгінге дейін маған Мағжан шындығы толық айтылмағандай болады да тұрады.

Бәлкім, 1960 жылы М. Жұмабаевтың ісін кайта қарағанда комиссияны сол кездегі Жазушылар одағының хатшысы Ә. Тәжібаев басқармағанда, біз ақыық ақынмен отыз жыл ерте кездесер ме едік, кім білсін. Өйткені, Әбділданың ежелден Мағжанға жұлдызы қарсы болған. 1927 жылдың өзінде Әбділда:

“Мағжандай іздемеймін Корқыт көрін,
Қобызбен сарнамаймын сұрап өлім.
Кезбеймін есуас боп ен даланы,

Қуатты орыс, қазақ енбекші елім.
Көр де аулақ, өз басымнан өлім де аулақ,
Көрсетем Мағжандарға көрдің төрін” –

деп (Ә. Тәжібаев “Жаңа ырғак” 1934, 28-29 беттер) өз үкімін шығарып қойған. Рас, осындағы үзілді-кесілді сөз айтқанда Ә. Тәжібаевтың небәрі 18 жаста болғанын, албырт жүректің алып-ұшпа мінезінің жетегінде кетуі мүмкіндігін де ескеру керек шығар. Бірақ, Ә. Тәжібаев кейін ғылыми диссертация қорғағанда Мағжан шығармашылығына көзқарасын өзгерткен жоқ. “... Пессимизм – дүниеден торығу, табыт пен көрден басқаны көрмеу, өлім күйін ғана есту, қандай тілде жазылса да, символизмнің ортақ ауруы. Өліп бара жатқан капитализммен бірге өлу белгісі. Мағжан осы топта, осы тапта”, – деп жазды ол. (Ә. Тәжібаев. Бес томдық шығармалар жинағы. 4-том, 68 бет. Алматы, 1981.) Осындағы сөздерден кейін Мағжанға оның жүрегі қайдан жібісін. Бұл арада Ә. Тәжібаев Мағжанды, Мағжанның поэзиясын түсінбей кетті десек, әрине, қателескен болар едік. Түсінді. Өйткені, нақ сол жылдары (1929 ж.) Мұхтар Эуезов: “Бұғінгі күннің бар жазушысының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз – Мағжан сөзі” деп жазғаны оған да мәлім болатын.

Мағжан тақырыбына қалам тартқандардың бәрі де Мағжанның қазақ поэзиясындағы Абайдан кейінгі жаңашыл ақын екенін мойындайды. Бірақ, оның шын бағасын кезінде Жұсіпбек Аймауытов берген. Оның сөзімен айтсақ, “Мағжан өленді музыкаға айналдырған, дыбысттан сурет туғызған, сөзге

жан бітірген, жана өлшеулер шығарған ақын”.

Осыдан бірер жыл бұрын Петропавлда республика кітапхана қызметкерлерінің алқалы жиыны өтті. Оған сол кезде Алматыдағы орталық кітапхананың директоры болған Мұрат Әуезов те қатысты. Ұлының үрпағы, алтынның сынығы, сан-қырлы азамат мені қатты қызықтырды. “Қалай кездесем, тілдесем” деген ой мазалай берді. Орайын келтіріп осы ойымды білдіргенімде Мұрат Мұхтарұлы көп ойланбастан келісімін берді.

Қонақ үйдің тыныш бөлмесінде оңаша отырмыз. Мұрат Мұхтарұлын дәл осылай жақыннан түңғыш көруім. Жұзі өте жылы, сабырлы, жүріс-тұрысы маңғаз. Бірақ, неге екенін білмеймін, менде қобалжу жок. Әдетте есімі елге кен тараған белгілі адамдармен кездескенде қатты қобалжып, қоятын сауалдaryмды іштей қайта-қайта қайтарап, мазасыз күй кешуші едім. Соның бірі жок, өзім күнде көріп, күнде араласып жүрген азаматтай, оның әр қимылын бағып жайбаракат отырмын.

— Әңгімемізді бастаймыз ба? — деді ол сөлден соң құлімсіреп.

Мен өзімнің біраздан бері казактың ұлы ақындарының бірі Мағжан Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылығына қатысты жайларды жинастырып жүргенімді, осы бағытта әңгіме өрбіткім келетінін айттым.

— Сұрай беріңіз, мен дайынмын, — деді ол.

— Сіздің өкеніз, казактың ұлылығын бүкіл әлемге танытқан қаламгер Мұхтар Әуезов Мағжан туралы қандай ой айтқанын білетін

шығарсыз. Ол кісі “Абайдан кейін Мағжанды сүйемін. Европалығын, жарқырағын, әшекейін сүйемін. Қазақ ақындарының қара кордалы аулында туып, Европадағы мәдениетпен сұлулық сарайына барып, жайлауы жарасқан Арқа қызын көріп сезгендей боламын... Бүгінгі күннің бар жазушысының ішінен кеleshекке бой ұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз Мағжанның сөзі”, – демеп пе еді. Осы сөздер арқылы Мұқан Мағжанды Абайдан кейінгі бар ақын-жазушылардан жөфары қоятынын анғартатын сияқты. Мағжанның қазақ әдебиетіндегі орны туралы сіз не ойлайсыз?

– Мағжан – ұлы ақын. Оны ұялмай, қызарақтамай ұлы деуіміз керек. Сан ғасырлық тарихы бар ұлттық әдебиетіміздің шежіресінде Абайдан кейін, тіпті, кей позицияларда Абаймен қатарласып кететін ақынды ұлы демегенде не дейміз?! Маған, әсіресе, Мағжанның лирикасы қатты ұнайды. Жастайымнан сол өлеңдерді жаттап өстім десем артық айтқандығым емес.

– Мағжан өлеңдерін замандастарының оқығанын білеміз. Ал, сіздің буынның онымен ерте танысуға мүмкіндігі болған жоқ қой...

– Дұрыс айтасыз. Менің жас кезімде Мағжанның өлеңдерін былай қойғанда, оның кім екенін білетіндер шамалы болатын. Бәрі менің анам Фатима мен Зылиха шешейдің таныстығынан басталды. Менің анам – Фатима қазақтың белгілі ақыны Илияс Жансүгіровтың жары болған. Бертін Мағжанның жесірі Зылиха екеуі жіңі араласып тұрды. Алғашында “Бұл кім?” деп сұрағанымда: “Қазақта Мағ-

жан Жұмабаев деген ақын болған, сол кісінің жары”, – деген. Сосын мені қызықтыра түскісі келе ме, Илияс (Жансүгіров) «Мағжаның лирикасы менікінен күштірек” деп отыруши еді” дегенді қосып қояды. Мағжан менің өміріме осылай енді. Сөйтіп, Зылиха шешей біздің үйге келгенде айналышқтап, маңайларынан шықпайтын болды. Бірбіrine мұндарын шағып, үйлеріне қайтарда Зылиха шешейді шығарып салу да менің міндетіме айналды.

Осылай күндер өтіп жатты. Мағжанның біраз өлеңдерін жаттап алдым. Ол өлеңдер Мәскеуде окуда жүргенімде менің өзім тенденс замандастарым арасында беделімнің жоғары болуына көмектесті. Өйткені, ол кезде мен қазақшаға шорқақ едім. Бірақ:

Жер жұзіне ер атағым жайылған,
Жан емеспін оттан, судан тайынған.
Қайраты мен қандыбалаш қыранмын,
Күн болған жоқ жаудан жүрек шайынған, –

деп Мағжанды судырата жөнелгенімде бәрі ауыздарын ашып қалатын.

Кейін Жазушылар одағында қызмет істеп жүргенімде Зылиха апаймен бірнеше рет кездестік. Олжас бар, бәріміз ақша жинап, Зылиха апайға Мағжанның өлеңдерін мәшиңкеге бастырып, түpteуге көмектестік.

– Мағжан жырлары жарты ғасыр бойы оқушысының қолына тиген жоқ. Сіз қалай ойлайсыз. Оның жалпы қазақ поэзиясының дамуына әсері болды ма?

– Сөз жоқ, кері әсер болды. Мағжан – ұлы тұлға. Абай ұлтымыздың жазба әде-

битетінің негізін қаласа, Мағжан қазақ поэзиясының жаңа бағытын айқындаған еді. Егер оның жырлары жарты ғасыр бойы жабулы жатпағанда бізде Қадыр Мырзалиев, Тұманбай Молдағалиев сынды мықты ақындар өлдекайда көп болар еді.

— Неге Қадыр Мырзалиев, неге Тұманбай Молдағалиев?..

— Басқалар да бар ғой. Бұларды атап отырғаным, екеуі де Мағжан өлеңдерінен ерте сусындарды, өйткені Зылиха құрастырған жинақтар олардың қолдарына жүрттан бұрын тиді. Иранбектің де жақсы ақын екеніне ешкімнің дауы жоқ. Ғаббас Қабышевтан бір кітапты ол да алған, бірақ, кайтарған жоқ.

— Халық арасында кезінде Мағжанның енбектерін пайдаланып кеткен әдебиетшілер көп болды. Ақынның акталуына қарсылық білдіргендер де солар, — деген сөз бар. Осы жайында сіз не айттар едіңіз?

— Халық айтса қалт айтпайды. Ол рас. Мен қазір атын атап, түсін түстемей-ақ қояйын, кезінде ол жайында біраз өңгімені құлағым шалған.

— Ал, Әбділда Тәжібаевтың Мағжанға соншалықты шүйлілігуіне не себеп болды екен?

— Бүгінде арамызда жоқ адам туралы айту да қыын. Бірақ, сұрағынды түсінемін. Біз бұл жайды орап өтпеуге тиіспіз. Одан сабак алуымыз, ендігі жерде қайталанбауына қол жеткізуіміз керек. Менің білетінім, Әбекен өзінің қателігін түсінді. “Бұл менің де, мені тәрбиелеп, сөйлеткен ағаларымның да кешірілмейтін күнәсі” деп жазуы осының

дәлелі. Әбділда Тәжібаевтың Мағжанның 1989 жылы шыққан жинағына алғысөз жазғанын білесіз. Міне, осы алғысөздің төнірегінде қаншама әңгіме көтерілді. Біле білсеніз, бұл да Әбекен үшін құнсін жуудың бір жолы еді. Әйтпесе, Әбділда Тәжібаев Мағжанды түсінбеді, бағалай алмады деп айтуға болмайды. Бертін оңашада Мағжанды оқып, оқыған сайын егіліп жылағанын айтып жүргендер бар ғой. Біз осылай топшылаймыз. Әбекеннің өзі ешкімге тіс жарып, сырын ашқан емес. Бәрін өзімен бірге ала кетті.

Мағжан туралы ақынның жақын туыстары Ғаділша Қаһарманов, бертін қайтқан Бибізәйып апай да көп әңгіме айтқан. Шота Руставелидің “Жолбарыс тонды жиһангез” поэмасын аударып аты шыққан қазактың белгілі ақыны Хамза Абдуллинге де кездескен сайын қолқа салып, көп жайға қаныққаным бар. Әсіресе, Хамзекен Мағжанның өлеңдерін жатқа айтып, шабыттанып кетуші еді. Сосын “Мағжан пайғамбар ғой, пайғамбар!” деп орнынан қозғалмай, ойға батып ұзак отыратын. Бүтін Мағжан шығармашылығымен етene танысқаннан кейін оның айтқандарына айна-қатесіз сенесің.

Мағжан – шын мәнінде Пайғамбар!!!

* * *

Қазакта өзінің туған жерін, өскен ортасын жырға қоспаған ақын жоқ шығар, сірә. Бұл тақырып қазактың біртуар ұлдарының бірі, ақының ақын Мағжан Жұмабаевтың жырларына да алтын арқау болып өрілген. Өзінің “Туған жер” деген өлеңінде:

Бұл жарыққа аяқ басып тұған жер,
Кіндік кесіп, кірім сенде жуған жер.
Жастық – алтын, қайтып келмес күнімде
Ойын ойнап, шыбын-шіркей қуған жер.

Жаратылдым топырағыннан, сен – тұбім,
Жалғаны жоқ бәрі сенен жан-тінім.
Сенен басқа жерде маған қараңғы,
Жарық болар Шолпан, Айым, сен – күнім, –

деп тебіренген ақын “Адам басы – Алла добы” деген сөздерді жадында ұстап, күндердің күнінде шалғайға қанат қағарын, түнде аксүйек ойнап, алтыбақанда тербелген, ал, күндіз балақ түріп, қозы қуып, жарыскан, үйретем деп асау тайға жабыскан бал-дәурен балалықтың қайталанбас сөттерін сағынарын сезген бе дерсін? Содан да ол өзін қоршаған ортаны ғашық көзбен шолып, жүректен жыр өрген. Ақынның туған жерге, талбесігіне деген іңкәр сезімі өсіреле, “Айда атынды, Сәрсембай” деген өлеңінен ерекше сезіледі.

...Сар даламды сағындым,
Айда атынды, Сәрсембай!
Әлде үйқын келе ме?
Сәрсембай-ая, сен неге
Шырқап бір ән салмайсын?
Жетесің туған жеріне,
Еркелеткен еліңе,
Жүрегім, неге жанбайсын?!
Сарыарқамның топырағы –
Менің жаным шырағы,
Кеудемді төсеп жатамын.
Оның жібек желінің,
Тәтті кәусар көлінің
Қазір дәмін татамын.
Қайрылып кейін қараман.
Шықтық па ұзап қаладан,
Айтшы, жаным ағатай?

Кейін қарап нетеміз,
Ауылға қашан жетеміз,
Айдаши атты, Сәрсембай!

Ауылды, онда қалған бауырларын ойлағанда дұрс-дұрс соққан Мағжанның жүргегі осылай алып үшады. Сәрсембай әкесі Бекеннің көшірі. Ол 1910 жылдың мамыр айында Қызылжардағы Мұқамеджан Бегішовтың медресесін бітірген Мағжанды ауылға – Сасықкөлге алып келеді. Қасында медреседе бірге оқыған жолдасы Бекмұхамед Серкебаев (атақты өнші Ермек Серкебаевтың әкесі) бар Мағжан үйіне жеткенше асығады. Бұлар ауылға келгеннен кейін қой сойылып, казан көтеріледі. Сөйткенше Мағжан осы өлеңді жазып, жиналған қауымға оқып береді.

Бізге жеткен мәліметтерге қарағанда, жас кезінде Мағжан мен Бекмұхамед жиі араласқан, дос болған. Олар Уфадағы Ғалия медресесінде де бірге оқыған. Енді мына қызықты қараңыз, олардың өмірдегі жолдары осылай жиі түйісіп тұрса, екеуінің болашақ жарлары да жастай араласып, сырлас болып кеткен. Өзінің туған жері – Қызылжарға жиі соғып тұратын Ермек ағамыздан бірде: “Осы жайында сіз не білесіз?” деп сұраған едім.

«Біздің әкей де, шешей де Мағжанды жақсы білген. Бірде “Мағжанды білесің бе, көрдің бе?” деп шешейді ренжітіп алғаным бар», – деген сонда әйгілі өнші.

– “Мағжанды көрдің бе? – дегенің қалай, мен оның алдынан оқыдым ғой. Алғаш рет мен оны аттас құрбым Құрманбайдың қызы Зылиханың үйінде кездестірдім. Мағжан өте

сұлу, сыпайы, ашық мінезді жігіт екен” деген анам. 1925 жылы шешей Қызылжардағы екі жылдық мұғалімдер дайындастын курсқа окуға түседі. Ал, келесі жылы Мағжан осында қазақ әдебиетінен сабак береді. Шешей, өсіреле, небір қыын кезеңдерде сүйген жарына адалдығын сақтай білген Зылихага риза болып отыратын. Алматыда Тимирязев көшесінде тұрғанда ол кісілер жиі араласты. Анызы Мағжанды да, Зылиханы да өле-өлгенше аузынан тастамай кетті ғой.

“Жұртта қалдым, тап шыным” деп Абай жырлағандай, Мағжан жалғыздықтың дәмін көп татқан адам. Содан да ол өркез кіндік қаны тамған атамекенінен қуаныш, жанына жұбаныш іздеген, қайда жұрсе де Сасықкөлге бір соғуды, оның жұпар ауасын жұтып, көкорай шалғынға бір аунауды аңсаған. Осындаі бір сапары жайлы 1995 жылы кездескенімізде ақынның ағасы Қаһарманнан туған Ғаділша ағай айтып берген еді.

«Жаздың жаймашуақ күндерінің бірі еді. Бір топ бала ауыл шетінде асыр салып ойнап жүр едік, анадайдан пар ат жеккен пәуескелі арба көрінді, – деп бастаған әңгімесін Ғаділша Қаһарманұлы. – Ол уақытта бізге бәрі қызық емес пе, тұра жүгірдік. Әлгіндей болмай жолаушылар да жақындал қалды. Арамыздығы ересегіміз Қабдөш “Жәжекем келді” деп алақайлап жатыр. Бұл менің ағайды тұңғыш көруім еді. Ол арбадан түсті. Қасында иығына ұзын шашақты ақ жібек бөртпе шалы жамылған ақ сары келіншек. Екеуі бәрімізді алма-кеzek сүйіп, бауырларына басып жатыр.

Сол жылы олар қалаға қайтуға асыққан

жок. Күнде тұс ауа Сасықкөлге барады. Біз де улап-шулап, сондарынан қалмаймыз. “Тұған жерім – Сасықкөл” деген өлеңін оқығанда сол бір ұмытылmas сәттер көз алдымға келеді».

Айтса айтқандай, ақынның аталмыш өлеңінде туған жердің келбеті ғана емес, тіршілік-тынысы да шебер өрілген. Сондықтан да оны осы арада толықтай келтіре кету артық болмас.

Алыстан мұнарланып шалқыған көл,
Бетінде күннің нұры балқыған көл.
Жарысып саф күмістей ақ көбігің,
Мап-майдада мөлдірінде қалқыған көл.

Жанында жас балалар ойнаған көл,
Жан-жануар суынды ішіп, тоймаған көл.
Көз салып жалтырына, мұнға батып,
Ғашықтар жарын іздеп, ойлаған көл.

Шешініп қыз-келіншек су алған көл,
Әр жанды мөлдіріннен суарған көл.
Масайрап, суға тойып төрт түлік мал,
Дөңіңе ойнақ салып, қуанған көл.

Сыртында ақ боз үйлер жарасқан көл,
Байларың кедейлерге қарасқан көл.
Ағайын тату-тәтті коныс бірге,
Саулықты сағат сайын сұрасқан көл.

Тұрлі құс өуез қосып, шулаған көл,
Шуакта балықтарың тулаған көл.
Сапырып сары қымыз ертенді-кеш,
Басында кенес құрып, дулаған көл.

Сасық деп еркелетіп, ат қойған көл,
От-суға иең түгіл, жат тойған көл.
Назданып, жүйрік мініп, тарлан шүйіп,
Көксілдер тұс-тұс жактан ат қойған көл.

Кір жуып, кіндік кесіп, сенде өскен көл,
Құбымен ойнап-құліп, кел дескен көл.

Жарысып, тайға мініп, батпаққа аунап,
Күресіп күн батқанда белдескен көл.

Айдын көл, ата қоныс, құт болған көл,
Сусын боп сұрағанға, от болған көл.
Кеше бірлік, ынтымак түгел шақта
Бейне бір сенің басын сүт болған көл.

Білмеймін не боларын, қайран көлім,
Жарайды тең болмаса күн мен түнін,
Итиіп қараشهкпен келіп қонса,
Басыңнан құсың ұшып кетер сенін.

Міне, Мағжан осы Сасықкөлдің жағасында өмірге келді. Осы өңірді Бекеннің әулетіне құда болып келетін жерлесіміз, акын Хамза Абдуллин өзінің естеліктерінде былай суреттеген еді: “Сібірдің қалың орманы атақты Сарыарқа жазығының ең солтүстік шетінде айдыны айдай жарқырап жатқан көлге тіреледі. Бұл көлдің онтүстік жартысы – қамыс қопасы. Қопаның іші қаз бен үйрек, қасқалдақ пен шүрегей сияқты құстарға толы... Таң ағарып атып келе жатқанда сол құстар балапандарын ертіп жағаға шығады... Осы бір әрі терең, әрі үлкен Сасықкөлдің батыс жақ жағасын көмкеріп тұрған қалың орманның жиегінде орналасқан үлкен ағаш үйде 1893 жылғы 25 маусым күні Мағжан Бекенұлы Жұмабаев дүниеге келді”.

“Жұмабай қажының ағаштан құрап салған үш бөлмелі үйі болатын. Үйдің төбесін тақтаймен жапқан, терезелері күншығысы мен батысына қаратылған, шығысында 5 терезе, батысында 3 терезе, үш бөлменің ортасында ас бөлмесі, он жағында қонақтарды кабылдайтын үлкен бөлме, сол жағында то-

кал мен балалар бөлмесі. Үйге жалғас лапас кора бар, онда арба, шана, пәуескелер тұрады. Одан өрі ағаштан құраған астық пен атқа жем қоятын сарай. Оның ар жағында мал коралары. Сырт жақта ас-су қоятын “Шорам үй” ағаштан қылып салынған, төбесі дөңгеленіп келіп, шаңыракпен түйіседі. Осы құрылыштар төртбұрыштанып келіп, үлкен қакпамен түйікталып сөнімен кешен құрайтын”. (Ғ. Қаһарманұлы. “Жәжеке”, Алматы, 2005 ж., 9 бет). Әкесінің кіндік қаны тамған атасы Жұмабайдан қалған осы үйде Мағжан өмір есігін ашады. Әрине, ол кезде мұндай үйлерді екінің бірі сала алмайтын. Бұл – Жұмабай өулетінің бай болғанының бір дәлелі. “Мағжан – текті атадан. Әкесі Бекен дәuletті, болыс болған кісі. Оның әкесі Жұмабай сауда-саттықпен айналысып, байыған. Меккеге барып қажы атанған, ел сөзін ұстаған беделді адам болған” (Ш. Елеуkenов. “Мағжан Жұмабаев”. Алматы, 2002 ж., 6 бет). Мағжанның әкесі Бекен де есейген шағында билікке араласа бастайды, болыс болып сайланады. Осы арада басын ашып айта кететін бір жай, казактың байлары бәрі бірдей жиған-тергеніне, мыңғырған малына мәз болып отыра бермеген, олардың араларында балаларының білім алуына, ғылым жолын қууына көп көңіл бөлгендері де аз емес. Оған Шоқан, Абай, тағы басқа ғұламаларымыздың өмірлері толық дәлел бола аллады. Бекен Жұмабайұлы да жеті үл, екі қызына білім беру қажеттігін жете түсінген. Содан да ол 1897 жылды Сасықкөлге европаша әдемі киінген сұңғақ бойлы акқұба жігіт ат басын

тіреп, өзінің мұғалім екенін айтқанда оны қуана қабылдап, осы ауылда қалып, балаларды оқытуын сұрайды. Кешікпей Бекен ауылында башқұрт жігіті Ахиетден Ақановтың мектебі жұмыс істей бастайды. Мағжан сауатын осы мектепте ашады. Ақын өмірі мен шығармашылығын зерттеушілердің жазулағына қарағанда, А. Ақановтың арнайы оку бағдарламасы болмаған. Ол өзінің шәкіртеріне негізінен шығыс тілдері мен әдебиетін үйреткен. Демек, Мағжанның ақындық жолға түсіне оның алғашқы үстазының да ықпалы болды десек көтөлеспейміз.

Заманында көзі ашық адам болған Бекеннің сол кездері жарық көрген кітаптардың бір де бірін құр жібермей жинай беруі де бала Мағжанның өмірді тез тануына, дұрыс таңдау жасаудың жол ашқаны сөзсіз. Бұл жөнінде Бибізәйіп шешей кезінде біраз сыр шерткен. Ол кісінің айтуынша, Мағжанның шешесі Гұлсім сауатты адам болған. Ол балаларының үйдегі кітаптарды оқуын қадағалап, ал әлі “әліпті таяқ деп білмейтін” кішкентайларына кітаптарды өзі оқып, мазмұнын түсіндіріп отырған. Осындай ортада өскен Мағжан жеті жасында-ак ұзак қиссалардың өзін жатқа айтатын болған.

— Мағжан сол кезде ақындардан кімді пір тұтты екен?

— Анасы Абайдың шығармаларын қолынан тастамайтын деп отыруши еді.

Бұл сөздердің жаны бар. Оған Мағжан жырларын оқып отырып-ақ көз жеткізуге болады. Жас Мағжан Абайға еліктеп, оның ізімен көптеген өлендер жазады. (“Жазғыту-

ры”, “Күз”, “Қысқы жолда”, т. б.). Осылай Абай оның сырласына, өмірлік ұстазына айналады. Абайдың ұлылығын жүрттан бұрын таныған да Мағжан еді.

Шын хакім, сөзің асыл – бага жетпес,
Бір сөзің мың жыл жүрсе, дәмі кетпес.
Карадан хакім болған сендей жанды
Дүние қолын жайып енді күтпес, –

деп Абайды шынға көтереді.

Сасықкөл – Мағжанның атамекені, қуанышы мен қайғысы. Ол осында өмірге келді, бауырлары Әбемұсілім, Қанаарман, Мұхамеджан, Сәлімжан, Қалижан, Сабыржан, Құләндар, Гүлбаһрам сияқты ата-анасының мейіріміне бөленді. Осында жар құшты, сәби сүйді. Бірақ ол бақыты баянды болмады. Мағжанның бірінші әйелі Зейнеп (Шоқан Уәлихановтың інісі Жақыптың қызынан туған) 1919 жылы ақпанды баладан қайтыс болады. Сол бір мұңға толы азапты құндерде:

Жас қүннен бірге ойнап, бірге өстік,
Бір жүріп, сабакты да бірге оқыстық.
Есейіп бірте-бірте ес кірген соң,
Жақындық, арамызда артты достық.

Балалық махаббаты тамашада,
Қызарып үялысып оңашада,
Бір сағат көрісі алмай тұра алмаушы ек
Көнілде бір бөтен ой болмаса да.

Жүрсек те жүрт көзінде жай таныстай,
Жақын бір тілдеспей-ак, хат алыспай.
Көзге көз түскенінде қызарысып,
Бір ауыз сөз айтуда бата алыспай.

Жаз болса түнде үйкі көрмеуші едім,
Түн бойы арып, шаршау білмеуші едім.

Есікті ақырын ашып тұрғанында,
“Шық, жаным, беріrek кел, мен!” деуші едім.

Кетуші ек қол ұстасып тұра көлге,
Дуылдал жанған бетті ұстап желге,
“Жаным!” деп алма беттен сүйгенімде,
Қызырып қараушы едін төмен, жерге.

Кыттықтап жас жүректі ойнап жас қан,
Дірілдеп тұруши едік жанша сасқан.
Мөлдіреп көздеріміз айрылыса алмай,
Ағарып ақ жібектей атса да таң.

Он жеті шұмақтан тұратын бұл өлеңді
Мағжан Зейнеп қайтыс болғаннан кейін жаз-
са керек. Алда оны тағдырдың тағы бір соқ-
қысы күтіп тұр еді. Бір жасқа толар-толаста
баласы Граждан қайтыс болады.

Бұл кезде Мағжан Омбыда тұратын. Пер-
зентінің қазасы жанына қанша батқанмен, өзін
де, ағайын-туғандарын да жырмен жұбатты.

Қайғырмандар бұл сәбиді өлді деп,
Жас қызыл гүл мезгіл жетпей солды деп.
Бақыты жок сорлы ата-ананың
Жанар-жанбас шамшырағы сөнді деп.

Өлгені емес, жерді тастап кеткені,
Шын бақытқа ерте бастан жеткені,
Ізгі оймен жайлы жаннат төрінен
Орын алып, ата-анасын күткені.

Есі кіріп, есейген шағында Мағжан Сасық-
көлді басқа қырынан тани бастайды. Оған,
есіресе, ағайын арасындағы араздық қатты
батты. “Мағжанның әкесі Бекен мен оның
ағасы Нұрмағанбеттің арасындағы өріске,
Сасықкөлдің сұына таласушылық елдін
берекесін кетірді. Оның зардабы екі байдың
малын бағып жүрген жалшылардың жауыры-

нында қамшы болып ойнап, бастарына сойыл болып тиіп, бірінің шекесі, бірінің қолы сынумен тыныш табатын”. (Б. Қанарабаева “Жырмен жұртын оятқан”, Алматы, 1998 ж., 95 бет). Осылардың бәрі, әрине бала Мағжанды терен ойларға жетелеп, ерте еселеіне ықпал етті. Olsen енді ойын он саққа жүгірткен сансыз сауалдардың жауабын Сасықкөлден емес, сырттан іздей бастады, Омбыдағы оқуын жалғастыруға үйғарды. Бірақ баласының бұл шешіміне әкесі қарсы болып, егер Мағжан айтқан тілін алмаса теріс батасын беретінін, көк тиын каржы ұстаптайтынын кесіп айтты. Бірақ Мағжан бұл жолы да Сәрсембаймен Қызылжардан келе жатқандағыдай, артына қарайламай келер күндерге асықты.

Отызыншы жылдардың ойраны Сасықкөлді, Бекен қажының отбасын да орап өткен жоқ. Сол кездегі оқиғаларды қөзі тірісінде Мағжанның Сәлімжан (Сәлтай) деген інісінің әйелі Бибізәйіп апайдың аузынан талай рет естіген едім.

«Біз өзі Жұмабай әuletіне жиен болып келеміз. Менің шешем Рәзия Жұмабайдың қызы Мәржікейден туған. Әйтеуір, дәм жазып сол шаныракқа келін болып түстім. Мағжан ара-тұра ауылға келіп жүргенде жақынрақ барып, сөзін естуге құмартуышы едік. Olsen кісі төнірегіне жастар жинала қалса оку, білім жайлы сөз қозғайтын. Өлендерін де окушы еді. Бірақ бәріміз баламыз, сол кезде жаттап алу ойымызға да келменті».

Осылай дей келіп өнгіме отызыншы жылдардың оқиғаларына ойысқанда Бибізәйіп шешей бір күрсініп алатын.

Нак сол жылдары Бекеннің шаңырағы да қатты шайқалады. Қуғын-сүргінге ұшырап, үйлері бұзылып, мал-мұлкі талан-таражға түседі. Мағжан ұсталғаннан кейін Әбөмұсілім, Қаһарман, Мұхаметжан мен Сәлтай да жазықсыз жазаланып, сottалады. Сөйтіп бір кездері думаны тарқамаған Сасықкөлдің басы қаңырап бос қалады. Жеті ұлы мен екі қызынан тірідей айырылып, ба- пар жер, басар тауы қалмаған Мағжанның әке-шешесі, келіні әрі жиені Бибізәйіпті па- налады.

Мағжандай арысынан айырылған Сасықкөл жарты ғасырдан астам уақыт меніреу- мылқау күй кешті. 1989 жылға дейін бұл өнірде Мағжанды іздеген, оның кіндік қаны тамған Сасықкөлді аузына алған адам болған жоқ. Ондай адам табыла қалған күнде де, бір кезде “жарысып саф құмістей ақ көбігі, мап-майды мөлдірінде қалған көлді” танымаған болар еді. Біз де “басынан құсы ұшып кет-кен”, қалың қамыс айдынын көлеңкелеген көлдің Мағжан жырлаған «шуакта балықтары тулаған, басында кеңес құрып ел дулаған» Сасықкөл екеніне сене алмаған едік. Жергілікті орта мектептің кең дәлізіне ілінген ұлken сурет қана көнілімізді сергітті. “Мағжанның Сасықкөлі осы, жергілікті суретші ақынның өз жырларына сүйене оты-рып, ұлкендердің айтуы бойынша салған”, – деді Сартомардағы орта мектептің директо-ры Е. Көжекбаев. Бұл Мағжанның екінші рет өмірге келуінің, халыққа қайта оралуының басы еді.

1988 жылдың аяғында Ахмет Байтұрсы-

нов, Жұсіпбек Аймауытовтармен бірге Мағжан Жұмабаев та біржолата ақталғаннан кейін Сартомар, Сасықкөл ауызға жи алынатын, қатар аталатын болды, алыстан ат терлетіп жеткен ақын-жазушылар алдымен Мағжан ауылына соғуды әдетке айналдырыды. Осылай 1989 жылдың жазында Мағжан жырына тәнті қауым алғаш рет Сартомарда, Сасықкөлдің жағасында тоғысқан. Мағжаның туған ауылында өткен әдеби күндерге – жыр мерекесіне Қазақстан Жазушылар одағының делегациясын белгілі жазушы Сәкен Жұнісов бастап келді. Сол кездері жүлдзызы жарқырап тұрған жүйріктердің бірі Сәкен серіні тұнғыш көруім еді, сөзге келгенде тізгін тартпайды еken, Мағжан туралы кесілді-ай келіп. «Бауырлар, куаныштарың құтты болсын, ардақты перзентің, асыл ақының Мағжан орталарыңа қайтып оралды», – дей келіп баяндамашы біраз жайды ортаға салды.

Сол куаныштың күесі болған арқалы ақын Ғафу Қайырбеков іле “Қазақ әдебиеті” газетінде былай деп жазған еді. “Ағылған халықта шек жок. Мынау жерден, биіктете соғылған тақтай трибунадан, оқтай тұзу табиғат көшесінің бойымен түп-тура алысқа көз тастаңызшы! Көз көкжиекке ұмтылады, оны көріп болмайсың. Екі ара қыбыр-қыбыр, құжынаған құмырсқаның илеуіндей. Әлдебір жан біткен қайындар ма, яки жасыл құлақты камыс-құрак па, немесе тербеліп тұрған теңіз сабасы ма – әйтеуір бір ғажап сиқыр ғалам. Жок, олардың бірі де емес – Адам теңізі” (“Қазақ әдебиеті”, 1989 жыл, 18 тамыз).

Содан шешеннен шешен тізгін алып, ақындар саңқылдап өлең оқыды. Ғаған да коңыр даусымен баршаны баурап алды. Өзінің Торғайдан, Ахмет Байтұрсыновтың тойынан келе жатқанын айтып, онда да халықтың жүргегі жарыла қуанып жатқанын жеткізді. Сосын Мағжанға арнаған “Күннен туған, Гүннен туған пайғамбар” деген өлеңін оқып берді. Осылай Мағжанның туған топырағында өткен алғашқы жыр мерекесі оның мәнгілік сұлу тірлігін паш еткендей болды, ақын рухын ел жүргегіне ұялатты. Дегенмен, бір шараның асылын сағынған халықтың сузының қандыруы мүмкін емес еді. Содан да болар, келесі жылы тамыз айында жырсүйер қауым тағы да Мағжан ауылына ат басын тіреді. Олар көптеген он өзгерістердің куәсі болды. “Аз мерзімде ”Молодежный“ кеңшарының орталық көшелеріне асфальт тәселіп, телефон орнатылды. Сартомар ауылына тас жол салынды, село барынша безендіріліп, көріктендірілді. Мектепте Мағжанға арналған мұражай үйімдастырылды. Оған Алматыдан көптеген экспонаттар алдырылды. Жиналған ақын-жазушылар халықты Мағжан туралы сырға, тамаша жырға тойдырды”. (“Жәжеке”, Ғаділша Қанағманұлы. Алматы, “Қазығұрт” баспасы, 2005 ж.).

Осы тойларда Мағжанның туған-туысқандары да төбе көрсете бастады. Әсіресе, халық өмір азабын ақынмен бірге тартқан Зылиханы көруге құштар еді. Оның да орайы келді. Сасыққөл жағасында ақынның туған күніне орайластырылып өткізілген жыр мерекесінде Зылиха шешей Мағжан туралы көп естелік

айтты. Біз сол жолы Сасықкөлге “бес каруымызды сайлап”, жылжымалы радио қондырымымен барған едік, (ол кезде мен облыстық радионың бас редакторы едім) Мағжан тура-лы бір ауыз сөзді қалт жібермей, түгел жазып алдық, кейін бірнеше хабар жасадық. Әттең, соның бәрі нарыктың алғашқы жылдарында жойылып кетті. Зылиха шешеймен сұхбаттың да сакталмағанына қатты өкінемін. Дегенмен, осы материалды жазу үстінде қойын кітапшама түсken біраз сөздердің жаңғырғаны да көнілге жұбаныш боларлықтай. Сонымен Зылиха шешейдің әңгімесіне оралсақ, ол кісі Мағжанға бөтен де емес екен.

«Менің әкем Құрманбай Мағжанның шешесі Гүлсімнің әкесі Әшірбекпен бір туған. Соңда менің Мағжанға кім болатынымды ажырата бер, — деп шешей әңгімесін әріден бастаған. — Біз медреседе бірге оқыдық, кейін де жиі-жиі кездесіп жүрдік, ақыры 1922 жылы Мағжан Омбыдан оралғаннан кейін дәм-тұзымыз жарасып, қосылдық. Сол кездері бізден бақытты жан жок еді. Бірак, бақыттымыз баянды болмады...»

Иә, алақұйын тағдыр Мағжанды аяған жоқ. Оның тауқыметін Зылиха да көп тартты. Өкінішке орай, соның бәрін жоққа шығаруға талпынып жүргендер де бар. 2006 жылғы шілде айында “Қазақстан әйелдері” журнальында жарияланған сұхбатты оқып, жағамды ұстадым.

Алдымен бұрын-соңды ешқайда жарияланбаған Омар Қаймоддин дегеннің мұрагатта сактаулы хатынан үзінді келтіріледі. Журналға сенсек, онда мынадай жолдар бар:

“Казактың ақының ақыны туралы жүз жыл өткен мерейтойынан кейін (дұрысы жүз жылдық емес пе – Ж.С.) ғана шындықтар айтыла бастады. Шүкіршілік дейміз. Тұыстарымен аралас-құралас болғанын, бүкіл өулеттің жазықсыз жазаланғанын көзбен көргенін, дүниеден өткен жиырма жылдан астам уақыттан кейін Зылихамен некеге отырғанын, “мағжаншылардың” көпірме сөйлеуін аруақ кешірмес”. Байқап отырған шығарсыздар, “Мағжаншылар” деген сөзі тырнақшаға алынған. Олар кімдер? Мен білетін мағжантанышылар – белгілі ғалымдар Шерияздан Елеуkenов, Тұрсынбек Кәкішев, ақын-жазушылар – Қадыр Мырзалиев, Кәкімбек Салыков, Ғафу Қайырбеков, Дүкенбай Досжан, Жайық Бектұров, Ғаббас Қабышұлы, ... бәрін тізіп шығу мүмкін емес. Міне, осылардың бәрі мұрағаттарда шаң жұтып, көз майын тауысып Мағжан Жұмабаев туралы деректерді тірнектеп жинап, ақынның адал атын халықта қайтаруға ат салысқандар. Ағаларды бір түрлі аяп кеттім. Бірақ сорақысы алда екен. Автор атақты жазушы Хамза Есенжановтың сүйген жары Софья айдауға кеткен ерінің артынан барып, қүйеуінің басынан кешкен барлық зорлық-зомбылықты бірге көргенін, естеліктер жазып, жазушы мұраларын көзінің қарашығындай сақтап, ұрпақтарына қалдырғанын үлгі ретінде ұсына келіп, “Ал Зылиханың Мағжан соңғы рет” түрмеге жабылғанда қалдырып кеткен бүкіл мұрағатын жойып жіберуін, қолжазбаларын сақтамауын қалай түсінуге болады?” деп аңырады. Эрине, бұл сөздерді сұхбат авторы

М. Молдабаеваның аузына Жұмабаевтар әuletінің соңына шырақ алып түскендерге карсы бұлқынып шыққан “ерлігі декабрист (дұрысы декабристер болуы керек – Ж.С.) әйелдерінің ерлігінен артық болмаса, кем емес” Райхан Жұмабаева салып отыр.

Бірде қайта тірілген туысымның атын жамылып, кіндігінен бала болмағанын біле тұра мұрагерлікті пайдаланғаны, “Мағжан-ның зайдыбымын” деп жеке куәлігін қолдан жасап, Жұмабаевтар әuletінің шежіресіне дейін қосқандары шындыққа жана спайды” деп жазса, журналист Б. Тобаяқовқа берген сұхбатында қара бояуды тіпті қоюлатып, Зылиханы адамгершілік қасиеттерден жүрдай етіп көрсетеді. “Кейбір журналистердің “Осы кемпір Мағжанның барлық өлеңдерін жинап, сактаған, қазіргі үрпаққа түгелдей жеткізген”, – деген сөздері өтө үстірт, білместікпен айтылған. Қайталап айтайын, бұл адамның қолында Мағжанның бір де өлеңі болған жоқ. Ақынның өлеңдерін шын мәнінде жиып-теріп, көзінің қарашығында сактаған – ақын Хамза Абдуллин мен оның немере апасы – Бибізәйып”, – дейді. Осы сөздерде бір түйір шындық жоқ. Мен Хамза Абдуллинді де, Бибізәйып апайды да көзі тірісінде талай рет көргем, талай рет Мағжан туралы көрген, білгендерін сұрастырып, сыр суыртпақтағам. Бірақ екеуі де сол кездері баспасөз бетінде жариялана бастаған, жұртқа белгілі жайларды қайталаумен ғана шектелетін.

Ал, Зылиха шешейдің Мағжан айдалып кеткенде іздемегеніне келсек, бұл да шіп-

шикі өтірік. “Зылиха байғұс теңізден өтіп, нелер батпак, тоң жерді белшесінен кешіп, Мағжанға талай рет барыпты. Тамақ апарып түрган. Саясатты, ертеңгі тағдырды көп ойламай, көзжұмбаймен асқан ерлікке, жанын шүберекке түйіп, өзін құрбан етуден тартынбаған, ештеңеден қорықпаған, жасқанбаған, жары жолында жанын пида қылған әйелдердің бірі Зылиха апай болған. Бұл айдаудағы Мағжанға құш, көңіліне көп демеу болған”. (Ж. Бектұров, “Бес арыс”, “Жазушы”, Алматы, 1992 ж. 331-332 беттер).

Осы өнгімені әрі қарай соза берсек, Мағжанның жары Зылихага қүйе жағушылардың сөздерінің шикілігін дәлелдейтін деректер толып жатыр.

* * *

Мағжан Жұмабаевтың лапылдан жанатын, жүректің отын үрлейтін жырларының қызы мен, қуаты, оның ішкі ірімдері мен, ой-сезім толғаныстары ақынның махабbat туралы жырларынан да анық сезіледі.

Сүй, жан сәулем, тағы да сүй, тағы да!
Жылы тәтті у тарады қаным.
Бұл ләzzаттың бір минутын бермеймін
Патша тағы, бүкіл дүние малына.

Мағжан махабbat отына осылай қүйіп-жанады. Өйткені, ол – жасы жиырмадан жаңа ғана асқан, құмарын сұлуды құшып қана басқан “Өзім – тәңірі, өзіме өзім табынам”, “Махабbat – бір тәтті у”, “Сүйейін де қүйейін” деп жүрген көбелек. Бірақ ол кез келген шамның жарығынан жылу іздейтін,

кез келген гүлге қона беретін көбелек емес, “төгілген шашы, қылған қасы, тістері меруерт, бейне қар-мамық ет” аруларға ғана ынтық. Өзі сұлу Мағжан сұлулықтың не екенін түсінген, сұлуларды тани білген, олар үшін жалындал күйген. Содан да ол “Сырым” деген өлеңінде:

Эйел сүйем, бірақ емес сендерше,
Мен сүйемін жан-дүниесін бергенше.
Жан-денесін бірдей алам, улаймын,
Қысып сүйем құшағымда өлгенше.
Ол құледі, мен де есалан, құлемін,
Ол жылайды, мен де жасым төгемін.
Құшағымда жан-тәнінен айрылып,
Өлед әйел, мен де бірге өлемін, –

деп ағынан жарылады. Мағжан үшін махабаттың бір-ақ өлшемі бар. Ол – өлім, у!!!

Кір қойныма, қыпша белің бұралып,
Тарқат шашың, жатсын жібек оралып.
Жаным! Жаным! Тезірек тисін тәске төс,
Көз жұмұлы, жиі ыстық дем алып.

Мағжанды жастық, албырт жүрек қана осылай сөйлетті десек, қателесер едік. Мағжанды неше түрлі күйге түсірген Гүлсім сияқты хас сұлулар.

Жұмақтағы жібек желден,
Мәңгі жайнап тұрған гүлден
Жаратылған өйел сұлу!

Мағжанның Гүлсімге арнаған көп өлеңдерінің бірі осылай басталады. Мағжанның жүрегін жаулаған, азапқа салған Гүлсім кім? Гүлсім – Мағжан үшін Періште. Күн, Ай... одан асқан сұлу жан жоқ.

Татар қызы Гүлсім Камалова Мағжанның

бақытына қарай дейміз бе, сорына қарай дейміз бе, 1920 жылы өзінен жасы едәуір үлкен күйеуімен бірге Қызылжарға көшіп келеді. Петербургтегі аксүйек қыздардың педагогикалық институтын тәмамдаған, Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде мейірбике болған Гұлсім Мағжан басқаратын курсқа мұғалім болып орналасады, математикадан сабак береді. Өзі сұлу, өзі тәкаппар Гұлсім күйеуінен басқа жаңға көз қырын да салмай қызметіне тік келіп, тік кетеді екен. Бірде оқытушылар бөлмесіне кіріп келген Мағжан Гұлсімнің жалғыз отырғанын көреді. Бірақ бір ауыз сөз айтып үлгермейді, Гұлсімді үй күтуші әйел телефонға шақырып әкетеді. Осы арада Мағжан қолма-қол өлең шығарып, Гұлсімнің стол үстінде ашық жатқан дәптеріне түсіре қояды.

Бота көз, сиқырлы сөз Гұлсім ханым,
Әр жерде өткізсек те өмір таңын,
Кей уақытта көзіңізге көзім түссе,
Ойнайды аласұрып неге жаным?!

Бота көз, сиқырлы сөз ханым Гұлсім,
Көктегі Құн құлмесін, Гұлсім құлсін!
Гұлсім – Құн, көкте ақырын жүзе білед,
Сүйдіріп, күйдіргенін қайдан білсін!

Осы екі шумак өлең Гұлсімнің жүргегіне шоқ салған болуы керек, ертеңіне дәлізде қарсы жолықкан Мағжанға Гұлсім “Сәлеметсіз бе, құрметті Мағжан мырза” деп дауыстап амандасады. “Сол күні сабак біткеннен кейін Мағжан Гұлсімге келіп: “Гұлсім ханым, Сізді орта жолға дейін шығарып салуға бола ма?” – деп сұрайды. Сонда

Гұлсім: “ Жоқ, Мағжан мырза, орта жолға дейін емес, жолдың аяғына дейін шығарып салуынызға болады! ” – деп жауап береді. (М.Жұмабаев. Шығармалары “Жазушы”, Алматы, 1989 ж. 434 бет).

Осылай Мағжан Гүлсімнің “бағына” конады. Гүлсім де Мағжанды құлай сүйеді. Оған мына жолдар дәлел:

Сүйдің мені, басқа жанды көрмедін,
Жасың тектің, кадірінді білмедім.
Шашың – қара, денен – ак бұлт, жүзің – Ай,
Тісің – меруерт, көзің, сәулем, құралай.
Ләzzат, ракат, бақыт – бәрі қойнында,
Сұрамаймын енді ұжмақ – жақсы жай!
Сүй, жан сәулем, тағы да сүй, тағы да!
Жылы, тәтті у тарады қанымса.
Жасағаннан бір-ак нәрсе тілеймін:
Өтпесе түн, атпаса екен таны да!

Арада бір жыл өткен соң Гүлсім күйеуімен бірге Қызылжардан көшіп кетеді. Артында аh ұрып Мағжан қала береді.

Өн мен түстей перизат,
Көріндін де, болдың жат,
Жандырдың, міне, жанымды.
Қараған көктен хор едін,
Көбірек көрсем деп едім,
Көк есігі жабылды...

Мағжанның Гүлсімге арнаған “Айрылғанда” деген өлеңі де нақ осы кезде жазылған.

Білдім: бүгін мені тастап кетесің,
Күміс көбік Ақ Еділден өтесін,
Бота көзім, өлтіріп кет қолыңнан!
Тірі тастап кетіп мені нетесін?!

Бозбала шағында да талай сұлуларды

күшқан, “ұшуға іңкәр”, бір жерде ылғи шаң жұтып тұра алмайтын тұлпар – Мағжанды Зейнептен ажал ажыратса, Гұлсімнен осылай тірідей айрылады.

Енді Мағжанның некелі өйелі Зейнеп жайлы әңгімеге көшейік. Зейнеп – Қызылжар өніріне есімі өйілі Данияр деген байдың Шоқан деген баласынан туған, Шоқан Уәлихановқа жиен болып келеді. (Шешесі Қадиша Шоқаннның інісі Жақыптың қызы). Мағжан мен Зейнеп Қазан төңкерісі тұсында қосылады. Мағжанның өзінің жазуына қарағанда, олар жас құннен бірге ойнап, бірге өскен, сабакты да бірге оқыған.

Кетуші ек қол ұстасып тұра көлге,
Дуылдап жанған бетті ұстап желге.
“Жаным!” – деп алма беттен сүйгенімде,
Қызырып, қараушы едің төмен, жерге.

Өкінішке Орай, екі жастың бақыты баянды болмайды. Мағжан Омбыда қазақ мұғалімдерін даярлайтын курс ашып, оның директоры болып жүрген кезде Зейнеп 1919 жылдың ақпанында баладан қайтыс болады.

Кейбір М. Жұмабаев өмірін зерттеушілердің жазуларына қарағанда, ақын Омбыда Зейнеппен бірге тұрған сияқты. Ал, шындығында Мағжан Омбыға аттанғанда Зейнеп ауылда, Сасықкөлде қалған. Оған ақынның “З...ға” деген өлеңі дәлел бола алады:

Талпынып, өнер ізден шетке кеттім,
Кеткенде, аз құнгे емес, көпке кеттім.
“Жолдағы жарым қашан келеді”, – деп,
Сен сорлы күте-күте қасірет шектін.

Мақсатқа жүре бердім арып-талмай,
Ел-жұрттым, сен сөулемді есіме алмай.
Жалғанда дүшпан сөзі жаман екен,
Дариға, болсам керек ұмытқандай.

Шет жерде жалғыз басым сандалыптын,
Сағымды мөлдір су деп малданыптын.
Бағасыз саф алтын деп мысқа ұмтылып,
Жасықты асыл көріп, алданыптын.

Сен сорлы қайғы басып, қасірет шегіп,
Егіліп екі көзден жасың төгіп,
Ақырында ауруға ұлken айналыпсын,
Сарғайып күзді күнгі гүлше солып.

Осы өлеңнің соңғы шумағында ақын:

Жолығар ұзын жолда талай адам,
Сұлу да, сүйкімді де, жақсы-жаман.
Іш өртеніп, жүргегім шын елжіреп,
Дәл сендей басқа жанды сую арман! –

деп егілсе де, Зейнеппен екеуінің арасында
бір салқындық болғаны анық.

Мына бір жолдар осындай ойға жете-
лейді:

Әуре боп опасы жоқ көңілменен,
Мен кеттім, дегендей-ақ: “Тұніл менен”.
Сонда да үміт үзбей, қарай-карай,
Жан досым, қоштасыпсың өмірменен.

Осы өлеңдегі “опасы жоқ көңіл”, “тұніл”
деген сөздердің астарында біраз сыр жатқаны
анық.

Зейнеп туралы деректер тым аз. Ол немен
айналысты, Мағжанға қалай қосылды?.. Осы
сияқты сауалдар көп. Бірақ жауаптан тосы-
луға тұра келеді. Біздің билетініміз Зейнеп
Мағжанмен бір ауылда өскен, жас шағынан
екеуі шамалас болуы керек. Ол, көптеген

Әдебиет зерттеушілері айтып, жазып жүргендей, Мағжанның бірінші әйелі емес. Осы мәселеге көшпес бұрын мына бір жайға тоқтала кетейік. Мағжан актالғаннан кейін 1989 жылы “Жазушы” баспасынан “Мағжан Жұмабаев шығармалары” (Алғысөзін жазған Әбділда Тәжібаев), 2002 жылы осы баспадан үш томдық шығармалар жинағы (Алғысөзін жазған профессор, филология ғылымының докторы Шерияздан Елеуkenов) жарық көрді. Басқа да енбектер бар. Бірақ, солардың бәрінде Зейнепке дейін Мағжанның үйленгені туралы бір ауыз сөз жоқ. “Мағжан Зейнепке революция жылдарында үйленген” (“Мағжан Жұмабаев шығармалары” Алматы, “Жазушы” баспасы, 1989 ж. 435 бет). Революция жылдары деп біз қай кезеңді айтамыз, 1916-1918 жылдар десек, қателеспеспіз. М. Жұмабаев мұраларын бүгінгі үрпаққа жеткізу жолында біраз тер төккен Ғаділша Қаһарманов та (Мағжанның туған ағасының баласы) “Мағжан Зейнепке 1918 жылы үйленді” деп жазады. (“Жұлдыз” журналы, 1991 жыл, №2), Қалижанның (М. Жұмабаевтың туған інісі) kızы Р. Шонаева: “Мағжан ағамның 1916 жылы үйленген бірінші әйелі Зәйни дейтін қызы. Зәйни – Қызылжар қаласының тұрғыны Шоқан Тастеміров дейтін кісінің қызы”, – дейді. (“Мұстафа мен Мағжан – Тұран елінің даналары”. Алматы, 1993 ж. 83-84 б.) Р. Шонаеваның Зәйни деп отырғаны біз жоғарыда тоқталып өткен Зейнеп. Олай болса, Мағжан алғаш рет “Қазак” газетінің 1915 жылғы 22 сәуірдегі 121-ші санында жариялаған “Жарыма” деген өлеңін кімге арнаған?

Оқырманға түсінікті болу үшін осы арада
өлеңді толықтай келтіре кетейік:

От жұтқан туысқанның халін көріп,
Күнәсіз судай аққан қанын көріп,
Айрылған ар-намыстар қарындастын
Көз жасы, қалың қайғы, зарын көріп;

Елжіреп жүрек-бауырым, ішім еріп,
Бейнетке белді буып, қолды беріп,
Ант етіп айнымасқа ес білгеннен,
Байлаулы бауырыма тілеп ерік, —

Жан жарым, ұзақ қыын түстім жолға,
Алдымда түпсіз дария, сор да, ор да.
Бетпақ шөл: сусызы, отсызы, қайнаған құм,
Ыскырған жылан, шаян оң мен солда.

Өткелсіз, қарлы, отты таулар асқар,
Мейірімсіз табан тілер қия тастар...
Кім білед, куат құрып, арып-талып,
Төгетін құндер болар ыстық жастар.

Сол күнде, алтын сәулем, колынды бер,
Жасытпа, жолым бастап, алдымда жүр.
Қара тұн коркынышты қаптағанда,
Жарқырап жұлдызым боп төккейсің нұр.

Айрылса иманынан көніл құбыл,
Кейін қайт, жапа шекпей, жазым деп жол.
Жан салып, тұра қайтпас жүрек беріп,
Жаңадан жаратып сен Аллам да бол!

Жол алыс, жақын үшін жаннан кештім,
Бауырдың халін көріп бейнет құштым.
Құшақта, сүй, күл, жыла, қайраттандыр,
Жан жарым, ұзақ, ауыр жолға түстім.

“От жұтқан туысқанның халін көріп... Жан жарым, ұзақ, ауыр, жолға түстім”, 1912 жылы Уфадағы атақты “Фалия” медресесін төмамдаған Мағжан 1914 жылы

Омбыдағы мұғалімдер даярлайтын семинарияға оқуға түседі, онда үш жыл оқиды. “1917 жылғы Ақпан революциясынан соң, Мағжан Ақмола қырғыз (қазақ – авт.) облыстық комитетінің құрамында халыққа білім беру бөлімінің менгерушісі қызметін атқарады. Осы комитеттің жұмсауымен Торғай облыстық қазақ съезіне қатысады. Міржақып Дулатовтың басшылығымен өткен Омбыдағы қазақ съезінің жұмысына араласады”. Белгілі әдебиет зерттеушісі Ш. Елеуkenov 2002 жылы “Жазушы” баспасы шығарған Мағжан Жұмабаевтың көп томдық шығармалар жинағына жазған алғысөзінде осындай деректер келтіреді. Нәк осы кезде баршаға ақын ретінде танылып қалған Мағжан Омбы мұғалімдер институтына түседі. Алайда ақпан айында тұтқындалып, тұрмеге жабылады. Жоғарыдағы өлең ақынның осы кездегі көңіл-күйіне дөп келетін сияқты. Демек, Зейнепке дейін де Мағжанның әйелі болған деп ой түюге негіз бар. Немесе... зерттеушілер Мағжанның “Жарыма” деген өлеңінің жазылу мерзімін дұрыс анықтай алмай отыр.

Ақынның “Шолпан” (1912 ж.) және Ташкент жинақтарына енген “Сүйгеніме” дейтін өлеңінің де ішке бүккен сыры мол:

Жандым-күйдім, сені ойлап, дамыл көрмей,
Еш жанға сенен басқа көніл бермей.
Сен – бір жақ, жалған – бір жақ, қатар койып,
Сені іздедім, жалғаннан қолым сермей.

Қайғы жұттым, “аһ” десем, шықты жалын,
Сырттым – сау, ішімде – өрт жанган қалын.
Күйдірген қалың өрттің зардабынан
Өлгелі тұр сүмірейіп сорлы жаным.

Сөзім, көзім айтып тұр сүйгенімді,
Қуарған, сарғайған, жұз, күйгенімді,
Талған жүрек, жүдеген, солған дене –
Сүюндің қолына ен тигенімді.

Күні-тұн сені іздедім, қайғы жедім,
“Отқа тұсken сорлынды сүйші”, – дедім.
Төгілген көз жасыма бір імей,
Дененді аулак салдын, коспай жігін.

Жан ұрдым, жаным қидым, қайрылмадын,
Өмірінше “Кет өрменнен!” айрылмадын.
Шырылдап көз алдында отта жандым,
Тіліңмен де бір аяп қайғырмадын.

Күн болған көnlімде сенің сәулен,
Болып ем өмірімше сорлы өурен.
Міне, мен сені тастап кетпекшімін,
Қош енді, жаным-күйіп сүйген сәулем.

Мен таптым, сүймесен де, өзіме жар,
Керегін жоқ, мейірімсіз жолыңа бар.
Маган енді ол жармен тыныш, рақат,
Бәрібір жазы-күзі жауса да қар.

Өмірінше бірге, тастап кетпегі жоқ,
Сен сықылды қайғылы етпегі жоқ.
Өзгермес бір қалыпта кен тіршілік,
Бірде шаттық, бірде мұн жетпегі жоқ.

Қош, сәулем, бермен қара, сорлынды көр,
Амандас, мен кетейін, қолынды бер.
Алдымда құшақ жайып қарсы алатын
Сүйген жарым – мейірімді ол қара жер!

Мағжанның еш жанға көnlіл бөлмей, жа-
нып-күйіп қайғы жұтып, күні-тұні іздегені
кім? Бұл сауалдың да жауабы табыла қояр ма
екен?!

Зейнеп қайтыс болғаннан кейін 1922 жы-
лы Мағжанның өкесі – Бекен ұлына Қызыл-

жардың байы Куанышев Дәули дегеннің қызы Жәмиланы әпермек болады. Құда түседі, қалыңмалын төлейді. Алайда Мағжан-ның жүрегі басқаны қалайды. Неге? Бұлай сауалды төтеден қоюмыздың себебі – Мағжан Жәмиламен бұрыннан таныс болған, Омбыда талай кездескен, қүйіп-жанып сүйген. Ол өзінің осы сырын “N-ға” деген жырында ағыл-тегіл актарады.

N-жан, көрмегелі көп ай болды,
Сағындым, жүргіме қасірет толды.

Немесе:

Аз жаста көп сүйіп ем, сүйіліп ем,
Көп улап, көп уланып, қүйініп ем.
Желдей жынды жүректің екпінінен
Майысып, сына жаздал, иіліп ем.

Өмірдің толқындары ұрған кезде,
Иманнан айрылғалы тұрған кезде,
Жасаған жәбірәйілін жіберді ғой,
Жолықтым сен сәулеме – нәркес көзге.

Перштем ақ қанатты – N-жаным,
Жанымда жарық берген алтын таңым,
Тілекке қасиетті бірге ұмтылар
Жолдасым, сен – құраным, сен – иманым,

деген жолдар екінің біріне арналуға тиіс емес десек, Дәули Куанышевтің Омбыдағы 48 бөлмелі екі қабатты үйінде, “Алтын мүйіз” мейрамханасында Жәмиламен сан мәрте кездесіп, тізеге тізе тиіп, “денеге у жайылып, қызып, қүйіп”, қысып-сүйіп, миына ешбір бетен ой кірмеген, бойжеткенді киіктей дірілдеген жас жарына теңеген, аузынан бал алған, көусар шарабына тоя алмаған Мағжан неге болашақ жарынан безініп, Хасан деген

башқұрт байының жесірі Зылихаға үйленеді? Бұл жағы да бізге жұмбак. Ұлы ақын өзімен бірге ала кеткен бұл сырдың құпиясының ашылуы-ашылмауы екі талай.

Десек те, осы арада зерттеуші ғалым Б. Қанаарбаеваның “Жамал апамыздың айтуыша (Мағжанның жездесі Ж. Таствеміровтің қызы, оның үлкен себебі болған. Әмина мен Жәмила ағайынды кісілердің қыздары болған... Жәмиланың табиғаты аңқау, бірақ тартымды, көрікті болған. Мағжан онымен өте жақын қарым-қатынаста болған. Әмина – Мағжанның “N-ға” деген өлеңінде айтылғандай женілtek, қулау болған, үнемі жігіттердің қоршаған ортасынан табылған. Әмина Мағжанның көңілін қалдырмаған...” деп жазғанын еске сала кету артық болмас (“Жырымен жұртын оятқан”, Алматы. “Ана тілі” баспасы, 1998 ж. 22 б.).

Зерттеушінің Жамал апай деп отырғаны әйгілі жазушы Хамза Есенжановтың әйелі Софьяның апасы. 1905 жылы туған ол токсаннан асқан шағында қайтыс болды. Алматыда тұрды. Міне, осы Жамалды ата-анасы сол кездегі қазақ заңымен Қызылжардың Мұса Мәубиев деген байының Зәкария деген ұлына айттырып қояды. Бірақ, өсе келе қыз әлгі жігітке барғысы келмей, сирын Мағжанға ашады. Ақыры, мұның аяғы үлкен дауға ұласады. Кейін Жамал әйелдердің сауат ашу мектебінде оқыған кезде өзіне орыс тілінен сабак берген Таупық Бердіғожинге тұрмысқа шығады. Алайда өткен ғасырдың отызыншы жылдарындағы қуғын-сүргін кезінде Т.Бердіғожин де ұсталып, жер ауда-

рылады, 1940 жылы сол жақта қайтыс болады.

Ақын 1922 жылы тойдан кейін “Ж-ға” деген тақырыппен Жамалға арнап өлең жазып, “Бостандық туы” газетінде жариялады. Бұл өлең Жамалға арналғанмен өмір жайлы толғау іспеттес. Ақын жар тандар кезде жүрек өміріне жүгінген Жамалға ағалық ыстық ықыласын білдіріп, өмір жолында кездесетін неше түрлі келенсіздіктерден сактандырады, ақыл-кеңес береді:

Жақын емес, ата-ана, туғандар!
Көз жасында олардың не ісі бар?
Соқыр олар, жанған жаның көре алмас,
Жыла мейлің, жан-күй отта, шегіп зар.
Жақын жан сол – жақын болсын жанында,
Табынын ол Тәнірі көріп арыңа.
Ұзын жолда осындаи жан ұшыратсан,
Қараашығым, тезірек ал жанына.

Өмір-өзен, сылқ-сылқ құлер, сылдырап,
Қайда ағады, оның жөнін кім сұрап?
Аққан сумен біз де ағармыз, кетерміз,
Ағынға ермей, жағасында кім тұrap?

Осылай Жамалды түйіктан алып шығып, теніне қосылуына жол ашқан Мағжан ұзын жолда арып, жасын төккенде, жұбататын, жақын жолдас, жар тандайтын күн туғанда әке үйғарымына тағы да қарсы шығып, Зылихага қосылады. Ақынның Зылихага үйленуі жайында алып қашпа әңгімелер бертінге дейін бір бәсенсіген жок. Ғаділша Қаһарманұлы бұлардың Мағжан Фалия медресесіне түскенге дейін бір-біріне ғашық болғанын жазады, ақын Зылихага деген жас жүргегінің ыстық лебін “З-ға” деген өлеңімен жеткізді дегенді

айтады. (“Сүйген сұлу”, “Жұлдыз”, 1991 ж. 203 б.). Әрине, бұл арада Ғалекен қателесіп отыр. Өйткені бұл кезде Мағжанның толық шығармалар жинағы жарық көрген болатын. Оған “З-ға” деген өлеңі де (122 б.) енгізілген және кітаптың соңында берілген түсініктемеде: ...“Зейнепке арналған өлең. Шамасы, 1919 жылы Зейнеп қайтыс болған соң жазылса керек”, – деп нақты мәлімет берілген. Өлеңдегі “Жан досым, қоштасыпсың өмірменен” деген жол да осы шындықты дәттейді. Ал, екінші жаққа, Зылиханы қаралауды мақсұт тұтқандарға құлак салсак, “Зылиха сиқырымен басын айналдырып, Мағжанды бір жаққа алып кеткен”, “Ақыннан безінген кездері де болған”, “Оның шығармаларын сатып күн көрген”...

Әрине, мұндай сандыраққа ештеңеден хабары жок, Мағжанның атын мүлде естімеген адам ғана сенуі мүмкін. Зылиханың шын бейнесін тану үшін алдымен белгілі жазушы Жайық Бектұровты оқу керек. Өзі де куғын-сүргінді көп көрген Ж. Бектұров Мағжанды елге танытамын деп “із кесуін” ерте бастаған еken. “Зылиха апай Қарақоғада біздің 1959 жылғы кездесуімізден кейін етек-женін мықтап жинап, Мағжанның мол мұрасын іздестіруге, жинауға белді бекем буып кірісті. Алматы, Ташкент, Қызылорда, Орынбор, Москва, Ленинград, Омбы, Петропавл барды. Ел актағандай тын-тебен тауып, көп еңбек етті. Мағжанның Зылихаға аруағы риза. Апай бізге Қарағандыға да талай келді, төрімізге шығардық, көнілімізді бердік, ықыласымызды көрсеттік, қолымызды создық, ақынның

өлеңдерін көшірістік, сөзімізді, ойымызды жолына қостық” (“Бес арыс”, Алматы, “Жалын” баспасы, 1992 ж. 315 бет).

“Зылиха апай Мағжанның ең соңғы рет 1923 жылы С. Кожановтың беташарымен шыққан кітабын көрсетіп отыр. Шеті әбден желініп, жырым-жырым болған. Бәлкім, бүкіл елімізде қалған бірден-бір данасы осы болар. Бір кезде өз қолымда көп жыл сакталып, баяғыда Алматыда отқа өртеніп, құлі көкке үшқан қөне кітап... Көзіме оттай ыстық басылып тұр. Қайта-қайта аялай бердім”. (Бұл да сонда, 316 бет).

1929 жылдың 6-шы маусымында Қызылжардағы өз үйінде ұсталған Мағжанды Алматы, одан Москва асырып, акыры 10 жылға соттайды, Карелияға жібереді. Ерінен көз жазып қалған Зылиха іздеу сала жүріп, оның анық хабарын білгеннен кейін лагерьге іздел барады. Бір емес, 14 рет барады! Осының өзі ерлік, шынайы махаббаттың айғағы емес пе! Бұл арада Зылиханың Мағжан еңбектерін тірнектеп жинап, халқына қайта оралуына орасан зор үлес қосқанын дәлелдеп жатудың өзі қисынсыз.

Енді бір сәт өткен күндерге оралсақ, сол бір қыын-қыстау кезенде өзіне кімнің сүйеу болғанын ақын былайша жырлайды:

Жас өмірімнің көгін бұлттар басқан күн,
Қайғы-қасірет тасып, бастан аскан күн.
Жан-жагымнан жылы жүзді жан таппай,
Жақын жандар қастық уын шашқан күн.

Жауыз тағдыр созған қолды қаққан күн,
Жан-тәнімді жылан, шаян шаққан күн.

Жапан тұзде қара тұнде жалғыз қап,
Қан дария боп көздің жасы аққан күн.

Сен көрдің де, келдің тура қасыма,
Сусын беріп, жастық қойдың басыма.
Мандайымнан сипап, сүйіп, жұбаттың:
“Жаным құрбан, жасынды тый, жасыма!

Мәңгілікке, міне, қолым беремін,
Тағдыр оғын көтермекке көнемін.
Кайғыланба, атса, атар алтын тан,
Жан жолдасым, өлсен, бірге өлемін!” –

Дедің де сен құліп, жолым бастадың,
Жауын, дауыл, оттан, судан қашпадың.
Касиетті, сиқырлы сөз күшімен
Міне, азырақ есім жия бастадым...

Алтын сәулем, ак періштем жан салған,
Кім біледі, айырса егер сүм жалған,
Жұргенімде жер жүзінде тірі боп,
Бағынатын, табынатын сен – Аллам!

Бұл Мағжанның Зылихага арнаған көп өлеңдерінің бірі.

...Зейнеп, Гүлсім, Әмина, Жәмила, Зылиха – жыр болып ұшқан, Мағжан құшқан біз билетін арулар осылар. Ал, бұлардан басқа, өмір жолында Мағжанмен кездескен, махаббаттың уын бірге ішкен, есімдері қалың оқырманға беймәлім жандар болды ма? Ондай жандардың болғанын ақынның “Сүйегенім анық” деп аталатын өлеңіндегі мына бір жолдар да айғақтайды:

Жел едім, ұштым,
Талайды құштым,
Кетіппін сені ұмытып.

Ел арасына көп тарамаған тағы бір әңгіме – Мағжан мен Нұржәмила Бәрменбайқызы-

ның махаббаты жайлышты. Мағжан мен Нұржәмила Уфада, Ғалия медресесінде танысады. Жасынан өнерге құштар болып өсіп, өншілік, ақындық қабілетімен елге танылған Нұржәмиланы үлдары болмаған ата-анасты еркек балаша киіндіріп өсіреді, Бәкен деп атайды. Көркіне ақылы сай алғыр қызды бір байдың баласына атастырып қойған әкесі екі жылдан кейін оны алып кетуге келеді. Бірге оқып жүрген жастар онымен қимай қоштасады. Әсіресе, бұл жай Мағжанға қатты батады.

Бәкен жаным, мұлде кетіп барасың,
Жанды үзүші ед қарақат көзқарасың.
Өткірлігін отқа жанып кеткендей,
Көтере алмай түрмyn жүрек жарасын.

Әкетпе деп айтар менде тіл қайда,
Күш-куатты қайдан табам мұндайда?
Кетерінде келбетіне көз салып,
Ең болмаса тартқызбадым сырнай да.

Менің ішім қайнап-жанып, өртенді,
Үйге кіріп жаптым бетке көрпемді.
Қоштасуға дәрменім жоқ, қайтейін,
Жарық дүние маған бүгін көр тенді.

Осылай өзінің жүрек сезімін жырмен жеткізген Мағжан ауылға оралғаннан кейін Нұржәмиланың ұзатылып кеткенін естиді де, әйтеуір бір кездеспек болып, саудагерлерге ілесіп жолға шығады. Ретін тауып Нұржәмилага жолығады, өзінің алып қашпақ ойы бар екенін жеткізеді. Бірақ “Елді шулатып қайтеміз, сенің болашағыңа кесірі тиіп жүрер”, – деп қыз көнбейді. Қоштасарда Мағжан Нұржәмиланың қолына бір жапырак қағаз ұстатады.

Тым жас едін, жарық жүлдyz, шолпаным,
Атар деген атпай қалды-ау, сол таңым.
Тұсінсен де, тұсінбекен болдың да
Тамырларын талдаң ұздің қолқаның.

Үш жылдан соң айтам деген сезімді,
Құп алар деп жұбатушы ем өзімді.
Жарапы андай жалғыз қалдым далада,
Сенсіз енді қайдан табам төзімді.

Ақылды едін, сырымды іштей сезетін,
Жастығың тек жаншып жанды езетін.
Мағи аға! – дегенінді естісем,
Езіліп ішім, уайым ойдан безетін.

Сен кеткелі қыын болды жер басу,
Алдында көп түр ғой тұтас белді асу.
Корланамын, зарланамын, қайтейін,
Сенсіз дүние – қара көзді шел басу.

Нұржәмила осылай тағдырдың тәлкегімен
Мағжанның тілегін қабыл алмаса, 1927-1928
жылдары Қызылжардағы мұғалімдік техни-
кумда оқыған Загипа Тінәлина өзінің
естелігінде оған кереметтей ғашық болғанының
жазады. “Ол менің сезімімді айтпасам да
сезетін.

Сұлу қыз анадайда сыландайды,
Теңімен ойнап-күліп бұрандайды,
Азамат бәрі ғашық, бәрі құмар,
Ах ұрып, оны көрмей тұра алмайды, –

деген жолдарды маған арнағанына шүбөм
жоқ. Бірде ол кісінің шақыртуымен бірге
окитын құрбым Рауза екеуміз ағайдың үйіне
бардық. Зылиха Раузага туыс болып келетін.
Зылиха тәтей жылыұшырай қарсы алғанмен
Мағжан бұрылып та қараған жоқ. “Мағжанға
сенің дауысың қатты ұнап қалыпты, соны

тындағысы келеді” деген сөн, өзім техникумдағы кештерде жиі айтып жүрген бірнеше өнді шырқап бердім. Мағжанның бізбен бір ауыз сөзге келмеуінің сырын кейін түсіндім. Рауза екеумізді алашордашыл М. Жұмабаевтың үйіне бардындар, деп комсомол комитетінің бюро мәжілісінде талқылап, қатаң ескертті. Көп ұзамай Мағжан ұсталып кетті”.

Окуын бітіргеннен кейін комсомол органдарында қызмет істеген Зағипа Садуақаскызы 1933 жылы Алматыға аудысады. Осында қазақ баспасы төрағасының орынбасары болып істейтін Абат Әлібаев деген азamatқа тұрмысқа шығады. Арада төрт жыл өткеннен кейін ол Орталық партия комитетінің қабылдау бөлмесінде Мағжанмен кездесіп қалады. “Бұлай күтпеген жерден бетпе-бет жеке кездесуіміз мені қатты састырды, не болғанымды өзім де сезбей қалдым. Ол сыр берген жок, танымайтын адамдай отыра берді”, – деп өзегін өртеген өкінішін көп жылдан кейін ғана сыртқа шығарған Зағипа шешей сол кезде өзінің де “Халық жауының әйелі” атанып, “Алжирге” қамалатының сезді ме еken. Ол колониядан 1941 жылы ғана босап шығады.

Махаббат не? Мағжанның жауабы:

· Махаббат – бір тікенек,
Жүрекке барып қадалар.
Бақытсыз ғой бұл жүрек,
Тамшылап одан қан ағар.

Тез жазылмақ бұл жара,
Бал тілімен сүйссе жар.

Сүймесе жүрек, дариға,
Өлер жүрек, қансырап.

Махаббат – бір тәтті у,
ішер жүрек, болар мас.
Дүниедегі у мен шу
Мас жүректі ояtpас.

* * *

Махаббат – бір тәтті у,
ішер жүрек, төгер жас!

Мағжан осылай кімді сүйсе де, құлай сүй-
ген, махаббаттың бал шырынын молынан тат-
қан. Оның махаббат туралы жырларының
қайнар бұлағын ашқан арулар аз емес. Ақын-
ды арман биігіне самғатқан да солар. Бірақ
солардың бәрі ақынның Гүлсімге деген ма-
хаббатын көленкелей алмайды.

Бүгін маған жұмаққа өмір жол болды,
Бүгін менің құшағымда ол болды.
Оны құштым, шарап іштім, шат едім,
Бүгін менің құшағымда Гүл болды.

Осылай ой астына көміліп, емін таппай
көнілдің, жаспен жасып, азып-тозып жүрген
Мағжанның жанын жуып, жүрегін жаңалай-
тын, “Жұмактағы жібек желден, мәнгі жай-
нап тұрған ғүлден жаратылған, алмас қанат
періште – сұлу әйел Гүлсім”, Гүлсім сияқты
арулар!

* * *

Жылдар жылжып өтіп жатыр. Жарты
ғасырдай жар астында жасырынған Мағжан
поэзиясының қызыу қайтадан қуат алып,
елін, жерін ерекше бір шуаққа бөлеп тұрғаны

қандай ғанибет! Мағжанды тану, Мағжан тылсымының тереңіне бойлау, оның отты жырларының узына қану біздің замандастарымыздың, келер үрпактың ой-өрісінің арнасын кеңейіп, жиырма бірінші ғасырда да қоғамдық сананың, ұлттық рухтың қозғаушы құшіне айналары, жаңа биікке көтерілуіне қызмет етері анық.

Бүгінгі танда халықтың өзінің ардакты перзентіне көрсетіп жатқан құрметінде шек жок. Бұкіл Қазақстан, егемен, тәуелсіз, жаңаарған, жасарған жас мемлекетіміз бойынша осылай. Оның бәрін санап, не тізіп шығу, әрине, қын-ақ болар. Бірақ пайғамбар ақынның өзінің туған топырағы, елі мен жері – Солтүстік Қазақстан облысында бұл ретте тындырылған істерді бір жаңартып айтсақ, ол да әлгі ойларымызға айшықты айғақ бола алар еді. Өнір орталығы – Петропавл қаласында да, тіпті бүкіл облыс бойынша Мағжан Жұмабаевтың туғанына 100 жыл толуынан бастап кейінгі мерейтойлары халықтық мереke ретінде кеңінен аталағып жүр. Оның бәрі есте қаларлықтай болғаны қалың қөвшіліктің көкейінде. Қаланың қақ төрінде өзінің есімімен аталағын көшеде ақын ақынның ескерткіші тұр. Туған өнірі – бұрынғы Булаев ауданы енді Мағжан Жұмабаевтың есімімен аталағы. Оның атында педагогикалық колледж тағы бар. Солтүстік Қазақстан Мемлекеттік университетінің бір аудиториясы аяулы ақынның дәл өзіне арналып жабдықталған. «Мағжан оқулары», журналистерге жыл сайын берілетін Мағжан атындағы жүлде... 2003-2007 жылдар аралығында

Солтүстік Қазақстан облысын басқарған, көрнекті мемлекет қайраткері, ғалым, дипломат Тайыр Аймұхаметұлы Мансұровтың бүл орайда ұлан-ғайыр істер тындырғанын айтуға тиіспіз. Нак осы кезенде Мағжан туралы төрт кітап жарық көрді. Оның екеуін бұған дейін Мәскеудің «Русский раритет» баспасынан Абайдың, Жамбылдың таңдамалы жырларын шығарған Сәуле Әмірханқызы Мансұрова құрастырды. Бұкіл әлемге тарайтын «Ғасырлар даналығы» сериясына енген кітаптар қазақ және орыс тілдерінде шығарылды. Міне, осындай жанашыр қолдаушылары, қалың оқырманы бар акқу-ғұмыр қанаты талмай ғасырлар биігіне самғап келеді.

(2008 ж. мамыр)

МАЗМУНЫ

Сөнбейтін шырақ _____ 3

Жарасбай Сұлейменов

СӨНБЕЙТІН ШЫРАҚ

Басылымға жауапты **Ж.Сейдахметов**

Редакторы **М.Жумагалиев**

Компьютерде беттеген **К.Мұхамедин**

Суретшісі **Н. Науырзбаев**

Теруге 02.06.08 берілді. Басуға 20.06.08 жіберілді.

Пішімі 84x90 1/16. Офсеттік басылым. Есептік баспа
табағы 6,0. Тарапымы 3000 дана. Тапсырыс №

«Тамыр» фирмасының компьютерлік-баспа жүйесінде
беттелген. 050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143,
308-кенсе, тел.: 243-35-11.